

Толғақты мәселелер шешімін табады
2-бет

Болашақ чемпиондар аулада шынығады
3-бет

Әлемдік додаға әзірлік ойдағыдай
8-бет



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 4 ШІЛДЕ, 2024 ЖЫЛ №74 (23 396)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

• БӘРЕКЕЛДІ!


«Салтанаттың» жарқын жеңісі

Польшаның Лодзь қаласында 28 маусым мен 3 шілде аралығында өткен халықаралық фольклорлық фестиваліне қатысып, әлем халқы қазақтың әніне, биі мен күйіне тәнті еткен қарқаралық ансамбль «Салтанат» ансамблі осы байқаудың Гран-приін жеңіп алды!

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Алтынды тот баспайды» деген рас екен, кейінгі жиырма жылда шетел түгіл, республика көлеміне сапарлауы сирек кеткен өнер ұжымы Еуропа төрінен бірақ шығып, дүниежүзіне таңдай қақтырды. Осындай сахна шеберлерінің сонша уақыт бойына неге көрінбей қалғаны басқа әңгіме, ең бастысы – «Салтанаттың» салтанаты артып, деңгейі көп өскені байқалады. Облысымыздағы мәдениет пен өнер саласының кілтін ұстағандардың құлағына алтын сырға. Бұл ансамбль аспаннан түскен жоқ, қасиетті Қарқаралық өнерпаздарымыздың табан ақы, мандай терімен құралған, жарты ғасырдан артық тарихы бар ұжым.

Еуропа төріне мықты әзірлікпен барған «Салтанат» талай елдің ішінде жүлдызы жарқырап, өнер байқауының бас жүлдесін жеңіп алды.



Дүниенің әр түркірінен жиналған өнер ұжымдары фестиваль аясында халықтық шерулерге де қатысып, өз елдерінің өнерін паш етуде.

«Салтанат» халықтық ән-би ансамблі енді Легница қаласында 7 шілдеге дейін болатын екінші халықаралық фестиваліне қатысуда.

Қарқаралық ауданы
Сурет Қарқаралық ауданы мәдениет бөлімінің

• САММИТ

Әлем назары – Астанада

Кеше Астанада Шанхай Ұйымының Саммиті басталды. Дүниежүзі халқының жартысына жуығы тұратын мемлекеттердің басшылары қатысатын жиын екі күнге созылады және «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» тақырыбына арналды. Осы екі күнде Шанхай Ұйымына мүше мемлекеттердің басшылары саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимылдың ауқымды мәселелерін қарастырады. Жалпы, Елордаға 16 мемлекет пен үкімет басшылары, сондай-ақ, халықаралық ұйымдардың басшылары, оның ішінде, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш келеді.

деген ұмтылыстың айқын көрінісі деп бағалайтынын айтты.

– Қазақстан елдеріміз арасындағы тату көршілік пен ғасырлар бойғы достықты нығайтуға ерекше мән береді. Біз бірлескен күш-жігеріміздің арқасында өз-



Сурет: Akord.kz, entriam

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шанхай Ұйымы 2011 жылы құрылған болатын. Осы жылдар ішінде көпсалалы және көпфункционалды ұйымға айналып, мұнда өзара іс-қимылдың саяси, экономикалық және гуманитарлық аспектілері бірдей басымдыққа ие болды. Қазір ШЫҰ аймағының халқы жер шары халқының жартысына жуығын құрайды, оның кеңістігі жер бетінің төрттен бір бөлігін алып жатыр. Ұйымға қатысушылар құрамы да жыл сайын кеңейіп отыр.

Ұйымға тоғыз ел мүше. Олар – Қазақстан, Үндістан, Иран, Қытай, Қырғызстан, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан. Биыл Беларусь Республикасы да ШЫҰ толық мүшесі болады.

Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сам-

миттің маңыздылығына тоқталып, Шанхай Ұйымының ерекше мәртебесін атаған болатын.

– Мен 1996 жылы ұйымды құру шараларына атсалыстым, келіссөздер жүргізуге, ұйым құжаттарын дайындауға қатыстым. Осы жылдары «Шанхай бестігінің» қатары артты, Астана Саммитінде олардың саны бестен, онға дейін жеткелі отыр, әрине, Саммит барысында біздің қатарымызға Беларусь қосылмақ, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент сонымен қатар, Қазақстанның «Әділетті әлем және ортақ келісім туралы» доктрина жобасын Саммитке қатысушы тараптың барлығы қолдап отырғанын да айтты.

– Астанадағы Саммитке қатысушылар халықаралық қауымдастықты адал және ашық жаһандық диалогты бастауға, қауіпсіздіктің

жаңа парадигмасын қабылдауға, әділ экономикалық орта құруға және планетаның тазалығын сақтау үшін қажетті күш-жігерді барынша жұмсауға шақырады, – деді осы орайда Мемлекет басшысы.

Шанхай Ұйымы әскери блок емес. Оның негізгі мақсаты – қауіпсіздік пен тұрақтылықты күшейту, өзара сенім мен достықты нығайту, ортақ мүддеге сай салаларда аймақтық ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Одан бөлек, бұл қатарда халықаралық қақтығыстарды болдырмау және реттеу, есірткі саудасы, терроризм және сепаратизммен күрес те бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің елімізге мемлекеттік сапарын Қазақстан мен Қытай арасындағы мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға

гелерге үлгі болатын және түрлі бағытты қамтитын мемлекетаралық ықпалдастық орнаттық. Біздің екіжақты қарым-қатынасымыз дамудың жаңа «алтын кезеңіне» өтті деп нық сеніммен айтуға болады, – деді Қазақстан Президенті.


Ал, ҚХР Төрағасы Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқанына тағы да куә болғанын атап өтіп, Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен қазақ халқы анағұрлым қуатты әрі өркендеген жаңа Қазақстан құратынына сенім білдірді.

Саммит қорытындысы бойынша 20-дан астам құжатқа қол қойылады деп күтіліп отыр. Оның ішінде, терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы 2025-2027 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы, ШЫҰ-ның 2024-2029 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегиясы жоспарланған.

• СҮЙІНШІ!

Бас жүлде – «Сары тентекте»

Белгілі каламгер, бард, қоғам қайраткері Қуаныш Мақсұтов «Поющий Иссык-куль – 2024» Халықаралық фестивалінің бас жүлдесін жеңіп алды. Ақын қазақ барды мен шансонының халықаралық аренадағы алғашқы жеңісіне бек қуанышты.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақындар айтыстарындағы батыл да шыншыл қоғамдық-саяси ойлары үшін «Қазақтың Сары тентегі» атанған Қуаныш Мәжікенұлының өнерін халықаралық қазылар алқасы жоғары бағалады. Оған қоса әлемге танымал ән авторлары мен орындаушылар, бардтар қатысқан өнер додасындағы қазақ тілінде орындалған туындыларға ерекше қызығушылық танытты.

Сондай-ақ, фестивальде қарағандылық Сұлупан Сұлтанова өнер көрсетті. «Ціңкә көңі» әнін орындаған әнші «Ұлттық әндер авторы» аталымы бойынша Халықаралық фестивалінің дипломанты атанды.

Бақытты отбасының формуласы

Мықты мемлекеттің тұғырына айналған «Мерейлі отбасы» байқауының аудандық кезеңінің жеңімпаздары марапатталды. Бұқар жырау, Нұра және Осакаров аудандарында «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздары анықталды. Олардың әрқайсысының өзіндік бақыт формуласы бар.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауда Осакаров ауданы бойынша Молодежный кентінде тұратын Олжабек-көвтер отбасы I орын жеңімпазы атанды. 89 жастағы тыл ардагері Иса Олжабеков жұбайы Дәмелімен жеті бала тәрбиелеп өсірген. Олардың 24 немересі бар. Жұбайы өмірден озғанымен, Иса ата әлі де 47 шөбере мен үш неменесін тәрбиелеуге атсалысуда.

– 1941 жылы үлкен атам Олжабек майданға шақырылған кезде, Иса атам небәрі 6 жаста еді. Әкесі майданда хабарсыз кеткендіктен, көре алмады. Анасы мен інісі Жақсылықпен бірге қалып, барлық ауыр жұмыстарды мойнына алды. Көмір тасып, мал бағып, шөп шапты. Дәмелі әжеммен 1956 жылы отау құрып, жеті бала өсірді. Олардың ұрсысқанын ешқашан көрген емеспіз, бірақ, олардың өмірі оңай болған жоқ. Атам еңбек өмірінің көп бөлігін жылқы бағумен өткізді. Көптеген марапаттары бар. Олардың отбасылық тағулығының құпиясы өзара сыйластыққа, сенім мен қолдауға негізделген, – дейді ақсақалдың немересі Айнұр Рахымжанова.

Екінші орынды Ақбұлақ ауылының тұрғындары Хавдрасал отбасы, ал үшінші орынды Николаевқада тұратын Көшкімбаевтар әулеті иеленді.

Нұра ауданы бойынша бірінші орын Боранбай Мұханалиевтің отбасына берілді. Олар 45 жыл отасып, төрт бала тәрбиелеп, 14 немере өсірген.

– Бар өмірімді мемлекеттік қызметке арнадым. Алғаш жұмысымды экономика бөлімінде аға қаржыгер болып бастадым.



I орынды иеленген Осакаров ауданынан Олжабекөвтер отбасы

2016 жылдан бастап Баршын ауылының әкімі қызметінде жүріп, қазір зейнеткерлікке шықтым. Жұбайым Боранбай – Ауған соғысының ардагері, Нұра ауданының Құрметті азаматы, шаруа қожалығының басшысы, меценат. Ауылдың өркендеуіне атсалысты. Жастарға арналған бірнеше жекпе-жек және жаттығу залын жабдықтады. Мал сою алаңын салып, қыста жолдарды тазартты. Көпбала-

лығының басшысы, меценат. Ауылдың өркендеуіне атсалысты. Жастарға арналған бірнеше жекпе-жек және жаттығу залын жабдықтады. Мал сою алаңын салып, қыста жолдарды тазартты. Көпбала-



лы және аз қамтылған отбасыларға көмектесіп, екі отбасына екі үй сыйлады. Осы жылдар аралығында біз бәрін бірге жасалдық, әрқашан бір-бірімізге қолдау білдірдік. Бұл – отбасылық бақыттың нақты формуласы, – дейді Зауре Мұханалиева.

Нұра ауданында екінші және үшінші орындарды Рысмағамбетовтер мен Қордабай отбасылары иеленді.

Бұқар жырау ауданында да «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңінің жеңімпаздары анықталды. Бірінші орынды Ботақара кентінде тұратын көпбалалы Асқаровтар отбасы жеңіп алса, екінші орынды Доскей ауылындағы Түспековтер иеленді. Үшінші орын Ғ.Мұстафин ауылындағы Серікбай отбасына бұйырды.

Аудандық кезеңде бірінші және екінші орын алған әулет мүшелері облыстық кезеңде үздік атағы үшін сайысқа түседі.



Толғақты мәселелер шешімін табады



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қазір облыс әкімдігінің жіті қадағалауымен қоғамда туындаған өзекті мәселелерді уақытылы әрі сапалы шешу бағытында жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Осы орайда, облыс тұрғындары жеке мәселелері бойынша аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың кезекті қабылдауында болды. Онда жер учаскелері мен тұрғын үй бөлу, жеке сектордағы жолдарды асфальттау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелерін шешуді сұрады.



Нақтырақ айтсақ, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев облыс орталығының Оңтүстік-Шығыс бөлігінде орналасқан мемлекеттік және сервистік қызмет көрсету орталығында кезекті рет қарағандылықтармен арнайы кездесті.

Кездесуде бір сағаттан астам уақыт бойы тұрғындар желіден тыс және онлайн форматта өз проблемаларын ортаға салды.

Тұрғындарды толғандырған мәселелер мен шағымдарға қалалар мен аудандардың әкімдері, мемлекеттік мекемелердің басшылары нақты жауап берді. Бірқатар мәселе бақылауға алынғанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, облыс әкімінің қабылдауына балалары бар аналар да келді.

– 14 жылдан бері жұбайым және екі балам төртеуіміз баспана жалдап тұрып келеміз. Бұрын – Қарағандыда, қазір Теміртауда жалға аламыз. Осы жылдар ішінде біз жетім балалар ретінде кезекте тұрдық. Бүгін аймақ басшысы биыл пәтерге қол жеткізетінімізді айтты. Бұдан бөлек, облыс әкімі маған қысқа мерзімді курстардан өтіп, жаңа мамандық алуды ұсынды. Шынымды айтсам, көптен бері массаж терапиясын үйренгім келіп жүрген. Бірақ, қалай оқытынымды білмедім. Телефон нөмірімді жазып алып, қалай тегін

оқуға болатынын түсіндірді, – дейді Динара Каукаева.

Ал, Иван Дядюк болса, облыс әкімінің жеке қабылдауына Янтарная көшесі тұрғындарының атынан келген. Бірнеше жыл бұрын аймақ басшысының қолдауымен олардың көшелеріндегі су құбырлары толығымен ауыстырылған екен. Қазылған жерлер әжептәуір тапталыпты. Енді тұрғындар сол жолды асфальттауды сұрап отыр.

– Біздің көше осы кезге дейін ешқашан асфальтталмаған. Жаңбыр жауғаннан кейін балалар балшыққа, сазға батады. Балшық аяқ киімнің табанын жұлып алады. Аулаға шығу мүмкін емес. Облыс әкімі жақын арада осы аталған учаскеде асфальт төселеді деп уәде берді. Біз алдағы уақытта асфальтталған әрі жайлы қалада өмір сүреміз деп үміттенеміз, – дейді Иван Дядюк.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев барлық мәселелердің қаралатынын, ешқайсысы жауапсыз қалмайтынын айрықша атап өтті.

Өз тілшімізден
Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ



• БРИФИНГ

Екпе енжарлықты көтермейді

Биыл Ұлттық егу күнтізбесіне өзгерістер енгізілді. Оның қатарына елдегі онкологиялық аурулардың өсуін ескере отырып, жатыр мойны ісігіне алып келетін адам папиллома вирусына қарсы екпе қосылды. Ресми деректер бойынша қатерлі ісіктердің құрылымында жатыр мойны обыры 25 жасан 44 жасқа дейінгі әйелдерде екінші орында тұр. Жыл сайын әлемде жатыр мойны обырының 600 мыңға жуық жағдайы анықталып, оның себебімен 300 мың өлім тіркеледі. Мұндай деректерді өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингке қатысқан сала мамандары келтірді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырының 1900-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі, 600-ден астамы қайтыс болады. Статистика қатерлі ісіктің бұл түрінің күніне 5 әйелде анықталып, екі әйелдің қайтыс болатынын көрсетеді.

– Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстанда биылғы күзден бастап 11 жастағы қыздарға адам папиллома вирусына қарсы вакцинация жүргізу жоспарлануда. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 9 бен 14 жас аралығындағы қыздарға вакцинациялауды ұсынады. Осы жастағы вакцинация ең күшті иммундық реакцияны қамтамасыз етеді және вакцинаны ерте жаста енгізгенде тиімді болады. Вакцинация 2 дозадан тұрады. Екіншісін араға алты ай өткізіп салады. Екпе ата-аналардың немесе қамқоршылардың келісімімен дәрігердің қарауынан кейін қарсы көрсетілмдер болмаған жағдайда жүргізіледі, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байғутанова.

Адам папиллома вирусы – түрлі мүшелердің терісі мен шырышты қабығын қабындыратын вирус. Кейбір жағдайларда инфекция папилломалардың пайда болуына әкеледі. Вирустың 16 түрі жоғары онкогендік қауіпті. Олар шырышты қабық арқылы таралады және жатыр мойны обыры мен басқа да қатерлі ісіктерді тудыруы мүмкін.

Мамандардың айтуынша, аталған вирус – әлемде ең көп таралған инфекцияның бірі. Оны жұқтыру ықтималдығы 80%. Оны жұқтырған адамнан вирус терімен, шырышты қабаттарымен немесе дене сұйықтықтарымен тікелей байланыс арқылы беріледі. Адамнан адамға папиллома вирусы тұрмыстық байланыс – қол алысу, сүйісу, терінің зақымдануы арқылы берілуі мүмкін. Вирус ығалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға – сауналарға, моншаларға, спортзалдарға, дәретханаларға, бассейндерге барған кезде мұқият болу керек.

Сонымен қатар, жыныстық жолмен және босану кезінде балаға жұғуы мүмкін.

– Адам папилломавирусына қарсы вакциналар 2006 жылдан бері қолжетімді. Вакцина пайда болғаннан бері бүкіл әлемде 100 миллионнан астам адам егілді. Бүгінгі таңда АПВ вакцинациясы әлемнің 135 елінде қыздарға, ал кейбір мемлекеттерде ұлдарға жоспарлы түрде салынады. Аталған вакцинация 2019 жылдан бастап Арменияда, Грузия, Молдова, Түркіменстан, Қырғызстан мен Өзбекстанда енгізілді. Қазақстан аумағында тіркелген 6, 11, 16 және 18 типті АПВ-дан қорғауды қамтитын АҚШ өндірісінің «Гардасил» төрт валентті вакцинасы қолданылатын болады. АПВ вакциналарында тірі вирустар немесе вирустың ДНҚ-сы жоқ. АПВ вакциналарында әдетте вакциналар мен басқа препараттарда кездесетін вирус тәрізді бөлшектер бар. 0,5 мл мөлшеріндегі вакцинаның әр дозасы жеке шприцте болады, иыққа салынады, – деді Гүлжан Жақтайқызы.

Спикер АПВ вакциналары тіркелген вакциналардың ішіндегі қауіпсіз және ең тексерілгені екенін атады.

Вакцинациядан кейін екпенің орны ауырсынып, қызу немесе ісіну, бас ауруы немесе температураның шамалы көтерілуі сияқты қалыпты реакциялар болуы мүмкін. Олар әдетте бірнеше сағаттан бір күнге дейін созылады.

– АПВ вакцинация бала туу қабілетіне әсер етпейді, – деді спикер. – Керісінше, олар әйелдің денсаулығы мен бала туу мүмкіндігін сақтауға көмектеседі. 2006 жылы АПВ-ге қарсы алғашқы вакцина тіркелгенге дейін жүргізілген клиникалық сынақтар, сондай-ақ, қауіпсіздік мониторингі және оны енгізгеннен кейінгі зерттеулер осыны растады. Еуропалық дәрі-дәрмек агенттігі тәуелсіз бағалау жүргізіп, АПВ вакциналары қауіпсіз және тиімді деген қорытындыға келді. Мәселен, АҚШ-та вакцина енгізілгеннен кейін 11 жыл өткен соң, 13-26 жастағы әйелдер арасында вирустың таралуы 81%-ға төмендеген.

Брифингке қатысқан Қарағанды қаласының №3 ауруханасының онкогинекология бөлімінің меңгерушісі Қанағат Жұмақаева жатыр мойны облысы өте қауіпті ісік екенін атап өтті.

– Жоғарыда айтылған статистикалық деректер ойландыру керек. Алты айды 140 адамды есепке алдық. Қазір әйелдердің барлығы жұмысбасти, отбасында, қоғамдық жұмыстарда белсенді. Бұл дертпен нағыз қоғамға, отбасына керек шағында, 22-45 жаста ауырады. Онкологиялық аурулар жаңға батпайды, көрінбейді, білінбей өседі. Бізге келгенде 2, 3 сатысында тіркеледі. Қатерлі дертті емдеуде қомақты қаражат кетеді, науқа та қиналады. Сондықтан, дәрігер ретінде ата-аналардан ескелден бас тартпауын сұраймын, – деді Қанағат Жұмақаева.

Табиғаттың тасы – алтын, суы – күміс



Биыл «Уылдырық шашу» және «Таза су айдындары» атты табиғатты қорғауға арналған атаулы акциялар аясындағы бірлескен күш-жігердің нәтижесінде өңірдегі су көлемінің едәуір тазарғанын айғақтайтын игі көрсеткіштерге қол жетті. Бұл қос бастама сандаған ерікті мен экологты бір арна басында біріктіре алды. Ал, олар алтын уақытын сарп етті. Осындай көңіл көншітерлік жұмыс арқасында су нысандары біршама тұнықталып, балық өсіміне мол мүмкіндік ашты. Бұл тұрғыда кеңірек Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңына арнайы ат басын тіреген «Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Бекзат Махамжанов пен «Қарағанды орман және жануарлар дүниесін қорғау шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жедел тобының жетекшісі Батыр Қорикбаев тоқталды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тыйымда да тәлім мол


«Нұра-Сарысу» бассейні аумағында жергілікті маңызы бар 202 балық шаруашылығы су айдыны мен республикалық маңызы бар екі су айдыны бар. Оның ішінде 95 жануарлар дүниесін пайдаланушыларға жергілікті маңызы бар 122 су айдыны бекітілген. Республикалық маңызы бар 9 учаскесі – табиғат пайдаланушылар ғана. Жергілікті маңызы бар 80 су айдыны әрі республикалық маңызы бар 7 учаскесі резервтік қорды құрайды. Балық шаруашылығы комитетінің бұйрығына сәйкес, балық пен басқа да су жануарларының алуан түрлілігін сақтау, сондай-ақ, уылдырық шашу балық қорының табиғи өсімін молайту үшін қажетті жағдайды қамтамасыз ету мақсатында 15 сәуірден бастап 30 маусымға дейін «Нұра-Сарысу» бассейні аумағында кезекті рет «Уылдырық шашу» атты табиғатты қорғау акциясы өтті. Яғни, 15 сәуірден 30 мамырға дейін бекітілген балық шаруашылығы учаскелерінде торта, табан, алабұға, мөңке және шортан сынды балық түрлерін әуесқойлық, спорттық балық аулау түрлерін қоспағанда барлық су тораптарын қоса алған-

да, Қаныш Сәтбаев атындағы каналдың ұзына бойында балық аулауға тыйым салынды.

– Сонымен қатар, Қарағанды, Ұлытау облыстарында жергілікті маңызы бар су айдындарында балық қоры мен басқа да су жануарларына уылдырық шашу кезеңінде барынша қолайлы жағдай қамтамасыз ету үшін көксерке балығын 20 сәуірден бастап 20 мамырға дейін, сазан, тұқы балығын 1 мамырдан бастап 30 маусымға дейін аулауға тыйым салынды. Осы кезеңде барлық балық шаруашылығы су айдындарында кез келген балық аулау құралымен жоғарыда аты аталған балық түрлерін аулауға, сондай-ақ, уылдырық шашатын өзен-көлде қозғалтқышты, моторлы, жүзбелі қайықтардың су бетінде болуы шектелді, – деді Бекзат Болатұлы.

Шектеу шаралары

Тәртіпке бағынбаған азамат Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 383 бабында көзделген балық аулау, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Табиғатты қорғау заңнамасын елемейтін жолын кесу мақсатында салалық инспекция өкілдері әр жыл сайын мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шаралар жоспары бекітіледі. Құжат шеңберінде жергілікті полиция



департаментімен, облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, «Охотзоопром» республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнымен бірлесіп «Уылдырық шашу», «Брокер» атты жедел профилактикалық іс-шаралары өтіп тұрады. Басты мақсаты – табиғатты қорғау тәртібін бұзу жайттарының жолын кесу.

– Осы жылы уылдырық шашу кезеңінде инспекция бақылауындағы аумақта табиғат қорғау заңнамасын бұзудың 81 фактісі анықталған. Оның ішінде 14 іс құжаты сотқа жолданды. 1 млн. 200 мыңнан астам теңге сомасына айыппұл салынды. 21 бірлік заңсыз қолданылатын балық аулау құралы мен 1 жүзу құралы тәркіленді. Заң бұзушылардан 110 келі балық тәркіленді. Сондай-ақ, уылдырық шашу кезеңінде балықтың уылдырық шашуына қолайлы жағдай жасау мақсатында су көлемінің қозға-

лысы шектелді. Уылдырық шашу кезеңінде заң бұзушылардан балық аулауға тыйым салынған аулау құралдары мен ұзындығы 70 метрлік 4 тор, 1 үрлемелі қайық, жалпы салмағы 107 келі мөңке, алабұға, көксерке түріндегі балық тәркіленді. Жануарлар әлеміне келтірілген залал 396 мың теңгені құрады, – деді спикерлер.

Су салырттығы сүйемді

Осы арада уылдырық шашу кезеңі облыс аумағында «Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясымен сәйкес келгенін атап өткен ләзім. Аталған науқанның негізгі мақсаты – балық шаруашылығы су айдындарын, иесіз қалған аумақтарды тазарту және жағалау аумақтарын тұрмыстық қатты қалдықтардан арылту. Қарағанды, Ұлытау облыстарының аумағында «Таза су айдындары» қорғау акциясы ағымдағы жылы 15 сәуірден бастап 30 мамыр аралығында өткен болатын. Об-

лыстың балық шаруашылығы су айдындарында «Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясына еріктілер, жоғарғы оқу орындарының студенттері және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері жұмылдырылды. Акция кезеңінде балық шаруашылығы су айдындарын тазарту алдымен иесіз қалған тордан арылту, жағалау аумақтарын тұрмыстық қоқыстан және қатты қалдықтардан тазарту амалдары іске асты. Табиғатты қорғау акциясының қорытындысы бойынша Қарағанды және Ұлытау облыстарының су айдындарын 285-тен астам иесіз тор, 137 ілмекті құрал табылған. 70 тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық шығарылды. Бұл акцияға 640 адам қатысып, 239 техника бірлігі жұмылдырылды. «Нұра-Сарысу» облысаралық бассейні балық шаруашылығы инспекциясының өкілдері азаматтарды жалпы қоршаған ортаға оның ішінде жануарлар әлеміне, сон-

дай-ақ, балық аулау қағидаларын қатаң сақтауға шақырады.

Уылдырық шашу кезеңінде «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жедел тобының инспекторлары мүдделі органдармен бірлескен 22 рейд жүргізіп, оның барысында табиғатты қорғау заңнамасының бұзылғаны турасындағы 50 жайт анықталды. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 335 бабы, 1 бөлігі мен балық ресурстарын, жануарлар немесе өсімдікті заңсыз өндіру бойынша 4 қылмыстық іс қозғалып, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 383 бабы, 3 бөлігі бойынша 4 әкімшілік хаттама толтырылды. Жалпы сомасы 1 млн. 406652 теңгеге айыппұл салынып, оның ішінде 793787 теңге өндірілді. Қарағанды облысының балық шаруашылығы қорының жалпы ауданы 82 мың гектарды құрайды. Бірлескен рейдке 6 техника, 2 қайық, 18 жедел топ жұмылдырылған.

– Жыл сайын арнаулы ғылыми мекемелер зерттеу жұмысын жүргізеді. Оның қорытындысы бойынша біздер тиісті шешім қабылдап, амал таппастық. Со-сын, тағы бір ескеретін жайт бар. Уылдырық шашу кезеңі өткісімен балықшы атаулы қармағын қолына алып, су тоғанына барып аулау амалдарына көше бастайды. Бұл да сауатты қадам емес дер едік. Өйткені, уылдырық маусымынан кейін су жәндігі ептеп өз өзіне келуіне де біршама уақыт қажет болады. Мұны бірқатар көнігі балықшылар да жете біледі, – деп түсіндірді Батыр Қалиұлы.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Болашақ чемпиондар аулада шынығады

Қазақстан халқының денсаулығын нығайтудың бірден-бір жолы – бұқаралық спортты барынша насихаттау екені белгілі. Спортпен айналысуды әр азаматқа қолжетімді ету – біліктің басты міндеті болып тұр. Қарағанды қаласында осы мақсатқа жету үшін ауқымды жоспарлар құрылып, жүзеге асырылуда. Мәселен, 2022 жылдан кеншілер шаһарында «Спорт – әр аулаға» деген жоба басталған. Бүгінде жобаның ауқымы кеңейіп, бір жарым мыңнан астам адамды қамтыған. Өңір журналистері қала әкімдігінің өкілдерімен бірге жоба аясында жасакталған аулаларды аралаған еді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаны сәтті жүзеге асырудың алғышарты – аулаларды спорттық алаңқайлармен, түрлі жабдықтармен қамтамасыз ету. Жалпы Қарағанды бойынша 39 аула жабдықталған екен. Соның 22-сі Қазыбек би атындағы ауданда, Әлихан Бөкейхан атындағы ауданда 17-сі орналасқан. Биылғы «Спорт – әр аулаға» жобасы 1 маусымнан басталған. Журналистер қауымы бірінші болып «Мәңгілік алау» алаңының маңында орналасқан алаңқайға барды. Онда созылу және бұлшық етті шынықтыруға арналған түрлі спорттық жабдықтар орнатылған.

Қарағанды қаласының дене шынықтыру және спорт секторының меңгерушісі Берік Досымбеков бұл тұрғындар үшін өте ыңғайлы, әрі қызықты жоба екенін

атап өтті.

– Расында, бұл тұрғындар үшін өте қызықты. Күн санап жобаға қатысушылар көбейіп келеді. Себебі, мұндағы жаттығулардың барлығы тегін. Жаттығу уақытын қарағандылықтар өздеріне ыңғайлы етіп бекітіп алған. Мәселен, бірінші жаттығу таңғы 07:00-де басталады. Яғни, адамдар жұмысқа дейін таңғы жаттығуды өткізіп тастап, күндерін сергек бастайды. Екінші жаттығу жұмыстан кейінгі уақытқа бекітілген. Байқағанымыздай, жаттығуға жастар да, зейнет жасындағылар да, тіпті, ата-аналарымен бірге балалары да қатысады. Осы көрініске қарап, жұмысымыздың нәтижелі екеніне қуанамыз, – деді Берік Досымбеков.

Таңертең тұрғындар ересектерге арналған фитнес жаттығуларды жасайды. Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдерге жеке бағдарлама қарастырылған.

Йога мен скандинавиялық жүріс те бар. Адамның ағзасындағы түрлі дерттің алдын алуға арналған созылу жаттығулары да тізімде. Ал, кешке түрлі спорт түрінен шағын турнирлер ұйымдастырылады.

Дана Санаубаева – осы жобадағы фитнес әдіскер. Ол күнмен бірге оянып, өзіне тапсырылған аулаға қарай асығады. Жаттығу жасаған тұрғындарға қарап, шабыт аламын дейді.

– Мен фитнес саласында 2014 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Ал, осы жобаға 2022 жылдан бері қатысамын. Өзіме жұмысым ұнайды. Адамдар ерекше шабытпен келеді мұнда. Қатысушылардың арасында 84 жастағы әже бар. Әжейдің осында келгені талай адамды ынталандырды. Балалар да таңғы ұйқысын қып, осында жаттығу жасайды. Дене тәрбиесіне көңіл бөлген адам көпке үлгі болатыны анық, – деді Дана Санаубаева.

Қатысушылардың арасындағы ең кішісі – Ақзере Қабдірашит. Ол – бастауыш сыныптың оқушысы. «Спорт – әр аулаға» жобасының жарнамасын көріп, осында өзі келіпті. Әдіскердің айтуынша, Ақзере өзінен үлкен жасөспірімдерден қалыспай, әр жаттығуды ерекше ыждаһатпен орындайды екен.

– Үйдің кіреберісінде «Спорт – әр аулаға» деген ақпаратты көріп қалдым. Содан, қатысамын деп шешім қабылдадым. Өзіме спортпен айналысқан ұнайды. Әсіресе, жүргізгенді жақсы көремін. Баршасын осы аулаға шақырамын. Үйдегі тәтемді де осында келуге үгіттеп жүрмін. Отбасымызбен түгелдей жаттығу жасағым келеді, – деді Ақзере Қабдірашит.

Ақзере Қабдірашит Ермеков көшесінің бойында орналасқан нөмірі 109-шы үйдің тұрғыны. Жаттығу алаңы дәл үйдің іргесінде орналасқан. Тұрғындар үшін өте қолайлы.

Ауқымды жобаға бекітілген әдіскерлер жаз айлары аяқталғанға дейін жалақы алатын болады.


ҚАРАҒАНДЫ

Суретті түсірген автор

• КӘСІПКЕРЛІК

Германияда біліктілік арттыруда

«Іскерлік байланыстар» бағдарламасы – Германия нарығымен танысуға және шетелдік серіктестер табуға мүмкіндік беретін, бизнесті мемлекет тарапынан қолдау құралдарының бірі. Биыл Қарағанды облысының кәсіпкерлерінің қайсысы осы мүмкіндікке ие болғаны анықталды.



Еліміздің 21 кәсіпкерден тұратын тобы Германияның Гамбург шаһарына аттанғанын атап өткен жөн. Аймақтық кәсіпкерлер палатасының ақпаратына сүйенсек, оның ішінде, Қарағанды облысының төрт өкілі бар.

Атап айтсақ, Қуандық Нұрпейісов – «Инкар 1» ЖШС, Сергей Салдин – «Compass Solutions Ltd» ЖШС, Светлана Сорочалетова – «АЗИЯ-СМ» ЖШС, Дархан Ихсанов – «Q-Inspection» ЖШС өкілі.

Аталған бағдарлама 1-12 шілде аралығында өтеді. Екі апта ішінде кәсіпкерлер іскерлік тағылымдамадан өтеді әрі Гамбург қаласындағы және Германияның

басқа аймақтарындағы озық зауыттар мен кәсіпорындарға барып, олардың тыныс-тіршілігімен танысады.

Бір айта кетерлігі, «Іскерлік байланыстар» бағдарламасы экономика саласының басым секторларында жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау көрсетуге бағытталған.

Бағдарламаның басты мақсаты – ұзақ мерзімді іскерлік әріптестік орнату және өзара тиімді келісімшарттар жасасу. Қазір тағылымдамадан өтіп жатқан төрт жерлесіміздің осы мүмкіндікті сәтті пайдаланады деп сенеміз.

Өз тілімізден

• БРИФИНГ

Тұтынушы мүддесі қорғалады

Облыстағы сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті бірінші жартыжылдықтағы жұмысын қорытындылады. Жалпы департаментке ішкі сауданы дамыту және реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында біртұтас және тиімді саясатты қалыптастыру жүктелген.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Халық үшін маңыздысы, әрине, азықтүліктің бағасы. Облыс бойынша барлығы 24 базар жұмыс істейді. Осы орайда шот-фактураларды талдау арқылы, уәкілетті органдардың үйлесімді жұмысының арқасында департамент ішкі сауда субъектілеріне жоспардан тыс 43 тексеру жүргізді. Олардың 29-ынан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 204-4-бабы бойынша әкімшілік істер қозғалған сауда үстемесінің асып кеткені анықталды. 22-сі ескерту түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 7 бизнес нысанына айыппұл салынды, – деді Жанат Асантаев.

Жанат Асантаевтың айтуынша, бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында ішкі сауда субъектілерінің сауда үстемесінің мөлшері 15%-дан аспайтынын түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мемлекеттік маңызды міндеттердің бірі болғандықтан, «Е-өтініш» платформасы арқылы 452 өтініш түсті. Telegram ботқа 143 сұраныс түсіп, тұтынушылардың

сұрақтарына түсініктемелер берілді.

Осы орайда тұтынушылар шағымдарының негізгі себептері бөлшек саудаға қатысты болған. Оның ішінде, 14 күнтізбелік күн ішінде тауарларды қайтарудан бас тарту, сапасы сәйкес емес тауарларды айырбастау немесе қайтару талаптары бар.

Сондай-ақ, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қатысты жылумен және энергиямен жабдықтау қызметінің сапасыздығы, коммуналдық қызметтердің төлемінің негізсіз болуы, есепке алу аспаптарын тексеру және ауыстыру заңдылығы, электр қуатын өшіру, қойыс шығаруға қатысты мәселе де бар.

Шағымдар қатарында құрылыс-жөндеу жұмыстарының сапасының талапқа сай еместігі және шапшаңдар мен сұлулық салондарының сапасыз қызметтері, сапасыз жиһаз шығару, химиялық тазалауға шағымдар да кездеседі. Осы орайда департамент тарапынан тұтынушылар сауаттылығын арттыру мақсатында тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Мамандар кеңес беріп, шағым хаттарды рәсімдеуге көмектеседі.

Қоршаған ортаның қорғаны айыппұл ма?

Аймақта «Таза Қазақстан» акциясы басталғалы 12 мыңға жуық хаттама толтырылды. Санитарлық нормаларды сақтау, тәртіп пен тазалықты сақтау бойынша профилактикалық рейдтер жүргізілуде.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күн сайын учаскелік инспекторлар тұрғын үй кешендерін аралап, абаттандыру ережелерінің сақталуын тексереді және ПИК төрағаларымен, үй және кіреберіс бойынша үй тұрғындарымен профилактикалық жұмыс жүргізуде.

– «Таза Қазақстан» акциясы басталған

лы санитарлық нормаларды бұзғаны үшін 11,5 мыңнан астам әкімшілік хаттама толтырылды. 28 млн теңгеден астам сомаға айыппұл салынды. 19 автокөлік иелері ұсталып, олардың қатты тұрмыстық қалдықтар лақтырғаны анықталды. Өртүрлі ұйымдар мен кәсіпорындардың басшыларына абаттандыру ережелерін бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі туралы 440 ұсыныс шығарылды, – дейді Қарағанды облысы



ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Қайырбек Шәкенов.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, өткен аптада ПИК-тің бес төрағасы мен кіреберістегі екі жетекшіге айыппұл салынып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды. ПИК-тің 19 төрағасына ескерту жасалды.

• Өңірлерді дамыту

Құрылыс жұмыстары қарқынды

Кейінгі кезде Абай ауданында құрылыс жұмыстары қарқындап, елді мекендері күн өткен сайын көркейіп келеді. Биылдың өзінде бұл салада төрт бірдей ірі жоба қолға алынып, жүзеге асырылуда. Бүгін біз Абай ауданының құрылыс бөлімінің басшысы Бақтияр Мұрсаловтан сол жобалар жөнінде айтып беруді өтінген едік.



– Біріншіден, ауданның Дубовка ауылындағы ескіріп, тозығы жеткен көріз жүйелері ауыстырылып, жаңғыртылады. Жобалық-сметалық құны 3 миллиард теңгені құрайтын осы жобаны жүзеге асыру 2022 жылы басталса, келер жылы толығымен аяқталмақ. Жұмысқа жауапты мердігер ұйым «Астанаинжкомстрой» ЖШС кешегі күнге дейін ауыстырылуға тиіс 29,6 шақырым көріз желілерінің 18 шақырымын тосеп

ұлгерді. Оның жұмыс барысымен өткен аптада ауданымызда болған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та танысып, құрылысшыларға белгіленген кестеден кешікпеуді тапсырды.

Екінші бір жоба – Абай қаласының «30 А» орамында 2023 жылдан бері салынып жатқан 80 пәтерлі бесқабатты үйдің құрылысы. Жобалық-сметалық құны 1 миллиард 315 миллион теңге тұратын

бұл нысан құрылысының мердігері «ККК ЛТД» ЖШС оны осы жылдың соңында салып бітіргелі отыр. Бүгінгі таңда оның ақырғы кіреберісі монтаждалып, сонымен бір мезгілде басқа кіреберістерге коммуникациялар тарту мен ішкі сылағы қатар жүргізілуде.

Үшінші жоба бойынша Топар кентіндегі 100 орындық Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы биылғы үшінші тоқ-

санда тәмамдалып, пайдалануға беріледі деп күтілуде. Құрылысы 2022 жылы басталған бұл нысандағы жұмыстар өткен жылы аяқталуы тиіс болатын. Алайда, құрылыс материалдарының күрт қымбаттауынан оның жұмысы бөгеліп, жобалау құжаттарына өзгерістер енгізіліп, қайта қаржыландыруға тура келді. Енді оның мердігері «Астана-Көктем» ЖШС

жобалық-сметалық құны 695 миллион теңгелік осынау нысанды биылғы үшінші тоқсанда ел игілігіне ұсыну қамында. Сол үшін қимылдарын ширатып, жоспарланған шаруалардың 80 пайызын орындап, ішкі сылағы мен аумағын абаттандыру ісімен айналысуда.

Сонғы бір ірі жоба бойынша 2024-2025 жылдары Абай қаласы-

ның орамшыл көріз жүйелерін де жаңғырту көзделуде. Осы жаңғыртылатын желілердің жалпы ұзындығы 26 шақырымды құрап, жобалық-сметалық құны 3 миллиард 410 миллион теңге болатын бұл жұмысты атқаруға «КазЕвроСтрой» ЖШС мердігер болып бекітіліп, қазірде оған дайындық жұмыстары танысалып жатыр.

Бізге алдағы жылы да атқарылатын ауқымды жобалар бар. Олар бүгінде пысықталып, қаржы көзі қарастырылып, мердігерлері анықталуда. Өзірге бұл жайында айтуға ертерек. Бірақ аудан бойынша өріс алған құрылыс қарқыны әсте кемімеке емес.

Өңіміні жазып алған
Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай ауданы

СУРЕТТЕ: Абай ауданының құрылыс бөлімінің басшысы Бақтияр Мұрсалов

Суреттер ұйымдастырушылардан





Отбасын қолдау – Отанды қолдау

Қарағандыдағы отбасын қолдау орталығының ашылғанына жарты жылға жуықтады. Мұнда өмірлік қиын жағдайға тап болған жандар қолдау тауып жүр. Орталық мамандары мүгедек балалары бар, көпбалалы отбасыларға, жалғызбасты аналарға, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға жан-жақты көмек көрсетеді. Осы уақыт ішінде орталық екі мыңнан астам адамға қызмет көрсеткен. Тегін.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Отбасы – мемлекет назарында

Ел бойынша отбасын қолдау орталықтарын ашу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасынан бастау алды. Президент бұл туралы Қазақстан полициясының 30 жылдығына арналған салтанатты іс-шарада айтқан болатын. Сол жылы Президент Әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау мемлекеттің басым міндеттерінің бірі екенін атап өткен еді. Аталған мәселе «AMANAT» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасында көрініс тапты. Енді, міне, әр қала мен әр ауданда отбасын қолдау орталықтары ашылууда. Мұндағы мақсат – отбасыларды қиын өмірлік жағдайдан шығару үшін толық әлеуметтік-құқықтық сүйемелдеу және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу. Осы орталықтардың жұмысы Мемлекет басшысы қол қойған «Әйелдер құқықтары мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» Заңымен реттелетін болады.

Қарағанды қаласындағы отбасын қолдау орталығының басшысы Ләззат Қожахметова келер жылдан бастап орталықтардың жұмысы жанданады деп отыр.

– Қазір республика бойынша 34 мемлекеттік, 34 әлеуметтік тапсырыс негізінде жұмыс істейтін орталық бар. «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» Заңда отбасын қолдау орталықтары туралы бап бар. Сол жерде мұндай орталықтардың жұмысы, міндеті айқындалған. Бұған дейін жер-жерлерде ашылған орталықтар келер жылдан бастап әлеуметтік тапсырыстан кетіп, мемлекеттік мекеме ретінде ашылады. Ол не үшін? Әлеуметтік тапсырыс негізінде жұмыс жасайтын орталықтар үкіметтік емес ұйым ретінде саналады. Олар мемлекеттік органдардың деректерін көре алмайды. Егер мемлекетке қарайтын болсақ, біз кез келген қиын жағдайда отбасының барлық табысын, баспанасы, көлігінің бар-жоғын, несиелері туралы деректерді біле аламыз. Барлық орталықтар мемлекеттік мекеме ретінде қайта құрылады.

Осы арқылы отбасын қолдау орталықтарының қызмет аясы артады, құзыреті кеңейеді, – дейді Ләззат Қожахметова.


Орталықтың көмегі орасан

Мұндағы қызметінің негізгі бағыты – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету. Сонымен бірге, отбасының барлық мүшелерінің әлеуметтік және жеке дамуына қолдау көрсету. Барлығы «бір терезе» қағидатымен жүргізіледі. Орталықта әлеуметтік, заңгерлік және психологиялық қызметтердің барлығы қолжетімді. Мамандар отбасылық кикілжіңдерді шешуге де көмектеседі. Тәжірибелі медиаторлармен кеңесу мүмкіндігі бар. Қабылдауды психотерапевт, пси-

холог, нарколог, теолог-дінтанушы жүргізеді.

Бұл жерде электрондық үкімет қызметтерін де алуға болады. Тұрғын үйге, балабақшаға, педагогикалық-медициналық психологиялық кеңес, атаулы әлеуметтік көмек алуға кезекке тұру, балаларды Artsport және E-Dagyn арқылы үйірмелер мен секцияларға тіркеу, «Бастау бизнес» курсына қабылдау, неке және туу туралы куәліктерді цифрландыру, электронды цифрлық қолтаңба алу және басқа да көмектер көрсетіледі. Яғни, келген адамның барлық қажетті көмегін бір жерден алуға жағдай жасалған.

– Бізге кез келген отбасы келе алмайды, – дейді Ләззат Таймырқызы, – Ажырасып жатқан, қиын жағдайға тап болған азаматтар мен отбасылармен, зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс істейміз. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің отбасының цифрлық картасы құжаты бар. Ол жерде барлық 20 миллион адам туралы барлық дерек жазылып тұр. Үйі, көлігі, табысы, жұмысы, жәрдемақы алады ма, жеке кәсіпкерлікпен айналысады ма, соның бәрі көрініп тұрады. Сол дерек бойынша Қарағанды қаласында 3 мың адамда мүлдем табыс жоқ. Министрлік солардың барлығымен жұмыс жасауды жүктеді. Біз ашылғалы бері 165 отбасыға бардық. Тексеріп көргенімізде барлығы бірдей кедейшілік азабын көріп отырған жоқ. Бірі қоттеджде, тағы бірі көпқабатты үйлерде тұрады, көлігі бар, жеке кәсіппен айналысады. Ресми түрде тіркеліп, әлеуметтік жарна аудармағандықтан, табысы жоқ отбасы ретінде көрініп



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

өндіру мен мүлкті бөлу үшін әр сотқа жүгінетін. Қазір барлығы кәсіпкерлік мамандары, білім беру, тұрғын үй, коммуналдық қызметтер, нотариустар, сияқты халық үшін қажетті деген мекемелердің мамандары арнайы шақырылады.

– Медициналық сақтандыру жүйесіне төлем жасамаған, тіркеуде жоқ адамдар үшін бұл – жақсы мүмкіндік. Мұндай кездесулерге келетіндер көп. Содан-ақ, бұл шараның маңызды, халық үшін қажетті екенін байқауға болады. Халық арасында әлі де заңгерлік сауаттылықты арттырып, психологиялық көмек бағытында жұмыстар керек. Орталық ашылғалы бері 2 мыңнан астам адамға көмек көрсеттік, – деді орталық басшысы.

Ләззат Таймырқызы сөз арасында жақында зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығының да ашылатынын айтып өтті. Қазір жөндеу жұмыстары жүріп жатыр екен. Онда бір уақытта 15 адам орналаса алады. – Үйлерінде зорлық-зомбылық көретіндер көп. Балаларымен қашып шығады, біз хабарласқан жерінен алып кетеміз. Бірақ, өзімізде мұндай орын болмаған-

Қолдау жан-жақты

Орталықта үш бөлім жұмыс істейтін. Психологиялық және құ-



сала мамандары келіп кездесу өткізеді, кеңес береді. Медициналық әр саласының мамандары, білім беру, тұрғын үй, коммуналдық қызметтер, нотариустар, сияқты халық үшін қажетті деген мекемелердің мамандары арнайы шақырылады.

– Медициналық сақтандыру жүйесіне төлем жасамаған, тіркеуде жоқ адамдар үшін бұл – жақсы мүмкіндік. Мұндай кездесулерге келетіндер көп. Содан-ақ, бұл шараның маңызды, халық үшін қажетті екенін байқауға болады. Халық арасында әлі де заңгерлік сауаттылықты арттырып, психологиялық көмек бағытында жұмыстар керек. Орталық ашылғалы бері 2 мыңнан астам адамға көмек көрсеттік, – деді орталық басшысы.

Ләззат Таймырқызы сөз арасында жақында зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығының да ашылатынын айтып өтті. Қазір жөндеу жұмыстары жүріп жатыр екен. Онда бір уақытта 15 адам орналаса алады.

– Үйлерінде зорлық-зомбылық көретіндер көп. Балаларымен қашып шығады, біз хабарласқан жерінен алып кетеміз. Бірақ, өзімізде мұндай орын болмаған-

үшін жайлы жағдай ұйымдастырылған. Операциялық зал, күту орны, жеке кабинеттер мен шара өткізетін орындары толығымен жабдықталған.

Ардақ Жаханова – орталықтың әлеуметтік заңгері. Оның айтуынша, көпшілік жүгінетін мәселелер – ажырасу, алимент өндіру, әкелікті анықтауға қатысты. Сонымен қатар, алимент мөлшерін азайту мақсатында ер азаматтар да жиі келеді екен.

– «Мінездеріміз жараспайды» – жиі айтылатын себеп. Әрине, отбасындағы одан да басқа келіспеушіліктер себеп болады. Өз тарапымыздан түсіндіріп, кеңес беріп, татуластыруға тырысамыз. Соңғы шешімді сот шығарады, – дейді заңгер маман.

Әр жағдайға – бірегей назар

Отбасын қолдау орталығы мамандары жеке адамдарға да, отбасының түгел мүшелеріне де көмек көрсетеді. Бұл ең әуелі психологиялық мәселелерге байланысты. Мәселе бірдей болғанымен, оның түп тамыры, себебі, әсері әртүрлі. Әр жағдайды бөлек қарастыратынын айтады мұндағы мамандар. Лаура Әліпбаева 9 жылдан астам еңбек өтілі бар психотерапевт әрі психиатр.

– Отбасылық мәселемен жиі келеді. Бір-бірін естімеу, түсінбеу, интернетке, ставкаға, ішімдік пен есірткіге, адамға да тәуелді болады. Дәрі тағайындаймын. Жағдайы ауыр болса, ауруханаға жіберемін, – дейді тәжірибелі маман.

Оның қабылдауына аптасына 10-12 адам келеді. Әр жұма сайын емдік профилактикалық мақсатта тренинг өткізеді екен. Мәселен, ертең темекіге тәуелділік туралы тренинг өткізбекші.

– Жалпы, жаман әдеттер туралы, олардың алдын алу мақсатындағы түсіндіру жұмыстарын оқу орындарында да, құқық қорғау органдары мамандар да жүргізеді. Алайда, құр лекцияның 10%-ы ғана адамның есінде қалады. Бұл ғылыми дәлелденген. Ал, айтылған сөзді тәжірибемен ұштастырса есте қалу деңгейі жоғары. Тренингтің кезінде жаттығулар болады. Болашаққа, өткен шаққа барамыз, – дейді ол.

Маманның айтуынша, жеке терапиядан өткен дұрыс. Сонда мәселенің себебін толық талдауға мүмкіндік болады. Әр отбасымен жеке жұмыс жасау керек.

– Әрине, белгілі бір қалыптасқан стандарттар бар. Дегенмен, ол әр адамға әртүрлі әсер етуі мүмкін. Мәселен, оверсайз киім біреуге жақсы тұрады, біреуге жараспайды

деген сияқты. Жеке терапия нәтижелі болуы үшін 50 реттен артық болуы керек. Адам жарты жылдай келуі мүмкін. Реніші басып, кекшіл адамға екі де, 10 сеанс та көмектеспейді. Терапия зерттеу, қорытынды сияқты кезеңдерден өтеді. Ба-сты критерий – сенім, маман мен келген адам арасындағы ашық диалог, қарым-қатынас, – деп түсіндірді Лаура Есболатқызы.

Адамның өзін-өзі зерттеп, таңуына ден қойып отыр орталық мамандары. Психолог Салтанат Кеңесбекова да осы тұрғыдан көмек беруге әзір.

– Көбінесе әйел адамдар келеді. Жұбайымен, балалармен қарым-қатынасты реттеу, өзін-өзі дамытуға қатысты жүгінеді. Ер адамдар да болады келетін. Қуантатыны, жастар жиі келеді. Әр жас кезеңінің өзіне тән проблемалары болады. Ажырасу жағдайында балаға тала-су мәселесімен де келетіндер бар. Әдетте, мұндайда бала анасымен қалатын. Бүгінде баласын өзімен қалдыруға ниетті әкелер қатары көбейіп келе жатқанын тәжірибемен байқаймын. Бұл жақсы деп ойлаймын. Анасы да, әкесі да бала алдында бірдей жауапкершілікке ие. Баланың жас ерекшелігі, эмоционалды бауырбасу деңгейі зерт-теледі. Ересек адамдар бұл қадамға барғанда өздері үшін жауапкершілік алды, ал, балада ондай құқық болған жоқ. Бала үшін олар шешім қабылдады. Бала үшін қайсы жақ-сырақ, дұрысырақ деген мәселеде кеңес беруге тырысамыз. Кәсіби тұрғыдан айтқанда, бұл мәселеде жақсы жаққа кетіп бара жатырмыз деп ойлаймын. Себебі, сауатты ажырасу деген бар. Балаға барын-ша психологиялық не моральді залал келтірмеуді ескеретін ата-аналар бар, – дейді маман.

Қиын жағдайдағы адамға айтылған кез келген ақыл-кеңес оның әрі қарайғы әрекетіне ықпал етуі мүмкін. сондықтан, орталық мамандары әр адамның жағдайына барынша бойлап, себебін анықтап, болуы мүмкін салдарын айқындап береді. Қазір қоғамда естіген құлаққа түрпідей тиетін жағдайлардың орын алып жатқаны жасырын емес. Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырамай тұрмайтыны түсінікті жайт. Бірақ, екі жанның арасындағы келіспеушілік отбасының әр мүшесіне, тіпті, қоғамға да әсер ететіні естен шығып кетеді. Себебі, әр отбасы – қоғамның бөлшегі, оның іргетасын қалаушы. Ал, іргесі берік қамалды жау алмайды.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



түр. Әрине, арасында шынымен де аз қамтылған, мүгедек болса да, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек рәсімдемеген отбасылар анықталды. Оның барлығына орталық мамандары көмектесті.

Бұдан бөлек, мамандар ажырасу процестеріне белсенді қатысу-ды. Бұрын ажырасу үшін, алимент

қытық бөлімнен басқа әлеуметтік бөлім бар. Оның қызметкерлері әр мереке сайын отбасылар мен бала-ларға арналған түрлі бағыттағы ша-ралар ұйымдастырады. Үйде отыр-ған аналарға кәсіп игеру курстарын өткізеді. Бұл ретте «Ашық» есік күндерін ерекше атап өткен орын-ды. Орталықта апта сайын түрлі

дықтан, басқа орталықтарға орна-ластырып жүрдік. Енді, болады. Онда күйеуінің үстінен полицияға арыз жазғандарды ғана аламыз. Көбісі, бір-екі аптадан кейін өздері зәбір көрген күйеулеріне қайтып қосылады, – деді ол.

Орталықта ана мен баланың, жалпы, отбасының барлық мүшесі



• СЕМИНАР

Рәмізді қадірлей білеміз бе?

Егер шетелге саяхаттай жүріп, қонақүйге тоқтасаңыз, әкімшілігіне айтып есігінің алдына еліңіздің туын ілдіріп қоюға құқылысыз. Ол «Бұл қонақүйде Қазақстан азаматы тұрады» дегенді білдіреді. Аталған ереже Мемлекеттік рәміздерді пайдаланудың халықаралық стандартына негізделген.

Облыстық семинарда Мәдениет және ақпарат министрлігі Геральдикалық жұмыс басқармасының басшысы Гүлдана Аргенова геральдика саласының бүгінгі жай-күйіне тоқталып, рәміздер төңірегінде толыққанды ақпарат берді.



Сурет ұйымдастырушылардан

Аялым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Шетелге жол түсіп, мұқият қарасаңыздар, көптеген ірі қонақүйлердің алдында түрлі мемлекеттердің тулары ілінген тұрады. Бірақ, қазақстандік жиі байқалмайды. Өзге елге сапарлағанда Қазақстанның Туын ілуін ескерткенімде, көбінде жоқ болып шығады. Ондайда өзім алып барған туды сол қонақүйлерге сыйлап кетемін. Егер барлығымыз барған жерден осыны талап етсек, біздің Туымыз да әлемнің ірі қонақүйлерінде желбіреп тұрар еді. Мемлекеттік рәміздер – еліміздің айбары. Оны биік ұстап, асқақтау – әрбір азаматтың Отанына сүйіспеншілігінен жүзеге асады, – деп бастады әңгімесін Гүлдана Аргенова.

Басқарма басшысының айтуынша, Заң бойынша мемлекеттік Ту Президентке бағынатын, мемлекеттік және мемлекеттік емес барлық мекемелердің аумақтық бөлімшелерінде ілінугі тиіс. Тіпті, оқушыны оқытып, тәрбиелейтін мектеп, колледждер

де патриоттық бағыттағы іс-шараларды жүргізгендіктен, мемлекеттік рәміздерді көрнекілік ретінде қолдануға міндетті. Сондай-ақ, Ту мемлекеттік бірінші басшы немесе төрағаның оң жағына орналастырылуы керек. Сырттағының матасы жұқа болса, ішке ілінетінінің матасы ине шаншылмайтындай қатты, тығыз болуы тиіс. Ұлттық стандарт бойынша Тудың ені мен ұзындығы 1:2 болса, халықаралық іс-шара өткізілгенде, шет елдер президенттері келгенде ол елдердің тулары біздің рәмізбен бірдей болуы – міндетті.

Еліміздің ресми өкілі басқа елге барса, Ту сол елдің шартты көлемімен бірдей стандартта болады. Мемлекеттік Туды республика азаматтары да қолдануға құқылы. Мәселен, автокөліктерге, тұрғын үйлердің есік алдына, балқондарға ілуіне рұқсат етіледі, бірақ, ұлттық стандартқа сай болуы тиіс.

Күннің қауырсындары 32 тармақ, қыранның қауырсындары тоғыз-тоғыздан және түсі көгілдір болғаны жөн. Заңда бұрын Қазақстан азаматтары мемлекеттік

Туды өз үйінде қалауынша қолдана алады деген бөлім бар болатын. 2020 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес, «балқонға» деген сөз қосылды. Жерден жоғары орналастырылуы да қатаң бақылауда. Кеш батқан кезде мемлекеттік органдарда рәміздерді жарықтандырылуы тиіс, – дейді Геральдикалық жұмыс басқармасының басшысы.

Семинарда, сондай-ақ, мемлекеттік емес мекеме өкілдерінің назарына қолданыстағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске» сәйкес, Туды заңсыз дайындағаны үшін әкімшілік айыппұл салынатыны айтылды. Гүлдана Мәлікқызы семинар барысында осыдан бірер жыл бұрын Астана қаласы тұрғынының Головкинді қолдау мақсатында өз балқонына Туды іліп, жауапқа тартылғанын атап өтті.

Астаналық тұрғын балқонына Туды іліп, оған айыппұл салынғаннан кейін көп азаматтар рәмізді үйде қолданудан қайтырады. Тұрғын үйлерде Мемлекеттік Туды қолдануға болады, алайда, тесіп, жыртып немесе

шегемен қағып, ілуге болмайды. Егер ағашқа байланған болса, шешіп алынады. Азаматтар оны тек көліктің ішіне ғана орната алады. Ал елтанбаны жеке үйде, автокөлікте пайдалануға тыйым салынады.

Мемлекет басшысының хаттамалық рұқсатымен, Президентті алып жүретін кортеждердегі көліктер ғана сыртына орнатады, – деді Гүлдана Мәлікқызы.

Семинарда облыс аумағында орналасқан мемлекеттік мекемелер мен білім ордаларының өкілдері мемлекеттік рәміздерді бекітілген заңнама, ереже талаптарына сәйкес қолдану, оларды күтіп ұстау төңірегіндегі сауалдарын жолдады. Мемлекеттік рәміздер сапасына, оны шығарушы компаниялардың жұмысына қатысты сауалдарына жауап алды. Сондай-ақ, әскерилер ұсынысы бойынша Елтаңбаны ауыстыру төңірегіндегі сұрақтар кенінен талқыланды.

2021 жылы сахнада әншілер туды жерге лақтырған кезде үлкен резонанс туындады. Күні кеше Қостанай облысында қатты жел болып, ғимараттың алдында тұрған Елтаңба желмен ұшып жерге түскен кездегі қоғам қарсылығы барлық телеарнаға таралды. Қоғамның мемлекеттік рәміздерге бейжай қарамайтыны бізді қуантады.

Мемлекет басшысы Құрылтайдың комиссия мүшелері Елтаңба жайлы ұсыныс енгізгенін, оны халық талқысына салу міндетті екенін жеткізді. Оны бірден өзгертем деген жоқ. Бірақ, халықтың ұсынысты қолдамайтыны бірден байқалды. Сондықтан, бүгінгі таңда ол тақырып жабылды, – деді Гүлдана Аргенова.

Басқарма басшысы атап өткендей, халық талқысына салынбай, Елтаңбаны ешкім өзгертпеуге тиіс. Олардың қатарында бір отбасының бірнеше мүшелерінен келген өтініштер де кездескен. Осылайша бүкіл отбасының, тегіс қоғамның рәміздерге деген жанашырлығы көрінген.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Алтын жұлдыз иеленді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты бағдарламалық мақаласын қоғамға кеңінен насихаттап жүрген Серік Қамбар – «Қазақстан Республикасының Алтын жұлдызы» марапатын иеленді. Тәуелсіздік жылдары өз мамандығының хас шебері атанып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген азамат ретінде арнайы жүлде мен Алтын жұлдыз куәлігін алды.



Серік Қамбар 1947 жылы Алматы облысы, Жалаңаш ауданында дүниеге келген. Жамал Ермегияев атындағы орта мектепте білім алып, орыс мектебін бітірді.

1960 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Қарабулақ совхозына көшіп келіп орталық қойма меңгерушісі және комсомол хатшысы болып қызмет атқарды.

Серік Қамбар – өмірде түрлі мемлекеттік қызметтерді атқарумен және әрбір істеген игі ісі үшін Алғыс хаттармен марапатталған азамат. Өзінің өмірлік тәжірибесін елінің игілігіне жұмсаған білікті маман. Әр ісіне жауапкершілік танытып, көңілі-

не мейірім мен жүзіне жылулық ұялату арқылы халық алғысына бөленіп жүр.

Біз Серік ағамыздың өнегелі істерінен ғибрат аламыз. Отанға адал қызмет етудің, отбасыға жанашыр әке, ақылшы ата бола болған оның әр сөз тағылымға толы. Осындай айтулы азаматпен жерлес екенімізді мақтан етеміз, – дейді Шет ауданының тұрғыны Аманбол Тәжібеков.

**Аружан СЕРІКБАЙ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті
журналистика бөлімінің
II курс студенті**

Мүмкіндігі мол бағдарлама

Ақтоғай ауданында «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы қарқынды жүзеге асып келеді. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешені саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуды көздейтін жоба арқылы жастарға қолдау көрсетілді. Бұл туралы Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Перизат Темірбек мәлімдеді.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы ауылдық жерлерде кадрлар ташпылығы мәселесін шешуге ықпал етіп отыр. Ауданымызда бағдарлама аясында мамандарға қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, тұрғын үйге жеңілдікпен бюджеттік несиеге және көтерме жәрдемақыға қаржы бөлініді. Ұлттық экономика министрлігі әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшеріне өзгерістер енгізді. Биылдан бастап аудан орталықтарында 2 500 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) немесе 9 230 000 теңге, ал ауылдық елді мекендерде тұрғын үй сатып алуға 2 000 АЕК немесе 7 384 000 теңге мөлшерінде несие беріледі. Кредиттік қаражат жылдық 0,01% мөлшерінде сыйақы мөлшерлемесі бойынша 15 жылға бөлінеді. 2024 жылға аудандық бюджетте 22 маманға 8 миллион 122 мың теңге сомасында көтерме жәрдемақы төлеу үшін қаражат қарастырылған. Тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит төлеуге 10 маман үшін 79 миллион 378 мың теңге сомасы жоспарланған. Өткен жылы көтерме жәрдемақы түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары 22 маманға, ал бюджеттік несие – 10 маманға берілді. Жалпы, «Дипломмен – ауылға» бағдарла-

масы ауылдық жерлерге кадрлардың жетіспеушілігін жоюға және жұмыссыздық өсімінің төмендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр, – дейді Перизат Темірбек.

Спикердің айтуынша, бір-жолғы көтерме жәрдемақы төлеу 100 АЕК (369 200 мың теңге) құрайды. Егер еңбек қатынастары үш жылдан ерте үзілсе, бюджет қаражаты бюджетке толық қайтарылады. Қағидаға сәйкес құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – Баспана Маркет жылжымайтын мүлік порталы



Сурет ашық деректерден



арқылы жүзеге асырылады.

Көпшілік «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы тек қана жастарға, жоғары оқу орнының биылғы түлектеріне арналған жоба деп түсінеді. Бұл – қате пікір, қате түсінік. Бағдарламаға қатысу үшін жап-жас болу, университет немесе институт бітіру міндет емес. Маманның жас ерекшелігіне шектеу жоқ. Сондай-ақ, колледж түлектері де қатыса алады. Маманның оқуды қашан аяқтағаны да маңызды емес. Ең бастысы ауылды көркейтуге үлес қосуды мақсат етіп, ауыл үшін қызмет еткісі келетін әлеуметтік саланың маманы болуы тиіс. Нақтырақ айтқанда, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт саласының және мал дәрігері маманы бағдарламаға қатыса алады. Бір айта кететіні, кем дегенде 3 жыл ауылда тұруы тиіс. Потері болмауы керек, – дейді бөлім басшысы Перизат Мейрамбекқызы.

Ақтоғай ауданы

• АСТАНА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Шағын ауылдың шаттығы

Осакаров ауданы, Шұңқырқол ауылында 500-ге жуық халық бар. Ауыл тұрғындарының тұрмысы тұралап тұрған жоқ. Десе де, ауылда мәселе жоқ емес. Алайда, күн тәртібіндегі мәселелер біртіндеп шешіледі. Мәселен, Астана күніне орай ауылда балалар ойын алаңы ашылды. Аланды ашу үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлінген.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін ауылда балалар алаңы мүлдем болмаған. Биыл аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, балаларға тарту жасалды. Алаң орталықта, яғни, мектептің жанында орналасқан. Балалар үшін арнайы жабдықталған. Заман үлгісіне сай сырғанақ, өткеншек және тренажер да бар. Одан бөлек, ата-ана үшін де арнайы орындықтар қойылған. Құрылыс жұмыстарын «Қышпак» ЖШС мердігер компаниясы екі апта ішінде аяқтапты.

Ауылға су жаңа балалар ойын алаңы салынды. Енді алдағы уақытта су құбыры желісі жүргізіледі деп күтілуде. Қажет құжаттар – әзір. Тіпті, құрылыс жұмыстарын жүргізетін мердігер компаниямен де келісім жүргізілген. Тек, бюджеттен бөлінетін ақшаны күтіп отырмыз, – деді ауыл әкімі Алтын Жетпісбаева.

Одан бөлек, ауыл әкімі алдағы уақытта ауылшылық жолдарға да жөндеу жұмыстары-

ның жүргізілетіндігін баса айтты. Бірақ, ең әуелі ауылға су құбыры тартылмақ. Ал, жол – одан кейінгі кезекте.

Ауылда спорттың волейбол, көкпар түрімен шұғылданатын жастардың қарасы қалың. Бірақ, ауылда спорт зал жоқ. Спорт сүйер жастар үшін ауыл әкімі спорт алаңына да салып беруді жоспарлап отыр.

Ауылда спорт комплексі жоқ. Оны салу үшін қыруар қаржы қажет. Оның орнына үлкен спорт алаңын салуды жоспарлап отырмыз. Бұған аудан әкімдігінен немесе облыстық бюджеттен ешқандай ақша бөлінбейді. Ауыл жастарының мәселесін қозғап, жергілікті «Qandyzdy agro» ЖШС компаниясының басшылығымен кездестік. Жоспарымызды ұсынып, қолдау көрсетуін сұрадық. Қуанышка қарай, басшылық ұсынысымызды қабылдады. Енді компания басшылығының демеушілігімен үлкен алаң салынады, – деді Алтын Имантайқызы.

Осакаров ауданы

Сурет ауыл әкімдігінен



• ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Академиктің есімі ескерілсе...

Жас кезімде көнекөз қариялардан «Адамның жаратылысы туған жерінің топырағына байланысты» деген аталы сөзді естіген едім. Ойларым әрі қарай дамытсақ, адамзат баласы туған жеріне туған бойда тамырымен байланады. Арада қанша уақыт өтсе де, оларды ажыратпайтын бір тылсым күш бар. Шет жерде жүрсен де, туған жеріңді, өскен жеріңді сағынасың. Осындай сағынышқа толы арманы бар ғалым-металлург – Ибраһим Оңаев.



Ибраһим Оңаев

Ибраһим Әбілғазыұлының туып-өскен жеріне тоқталсақ, ағайын-туыстарымен бірге Шат өзенін жайлаған, Мақан-шағы, Оңай, Сәркен, Тәстен атаулары бар шұрайлы, нұлы, сулы жерге орналасқан. Сай-саласында сылдырап аққан мөлдір бұлақты, көкөрай шалғыны толы бүлдірген, қарақат, долана, тасты тауларында өскен арша мен жуаның иістері көңіліңді жай таптырады. Ертеден айтылатын «түгін тартсаң, майы шығады» дегендей, жайылымында аз уақытта қыстан жүден шыққан мал күйленіп шыға келеді.

Осындай табиғаты ерекше жерде туып-өскен адамдар шетінен өнерлі, әнші-күйші, сөзге шешен, палуан, аңшылық, атбегілік, құбегілік өнерлерін меңгерген болып келеді.

Көзіміз көрген Ибраһимнің шөбере аға болып туысатын Үміткер ауылында Жұма Әлиақпаров деген ақсақал болды. Небір жарасымды сөздерімен тыңдаушысын жалықтырмайтын, сөздері де орнықты, тәрбиелік мәні де зор болатын. Табиғатқа, Отанға, ел азаматарына, шаруаға олақтарға шығарған арнау өлеңдері қазір ұмыт болған.

Сарыарқа төсінде суы мол, малға жайлы Шат өзенінің бойында бұрынғы Павлодар уезі Баянауыл жерінде Оңай деген қыстақта 1913 жылы Әбілғазының отбасында Ибраһим дүниесі есігін ашады. Қазір бұл жер Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданына қарайды.

Табиғаты әсем, тау-тасты жерде өскен Ибраһим төрт жылдық мектепте сауатын ашады. Білімге деген құштарлығын білген әкесі Әбілғазы баласы Ибраһимді Баянауылдағы орысша мектепке оқуға береді. Аз уақытта орыс тілін үйреніп, бірге оқитындарының алды болады.

Әрі қарай оқуын Павлодар, Семей, Омбы, Томскіде жалғастырады.

Ибраһим аға Алматыға келіп, 1936-1941 жылдары кен-металлургия институтында оқиды. 1941 жылы тау-кен ин-

ститутының металлургия факультетін бітірген, соғыс басталысымен, оның аяқталғанына дейін Қарсақпай мыс қорыту зауытында істейді.

1944-1974 жылдар аралығында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Металлургия және кен байыту институтында аспирант, кіші ғылыми қызметкер, лаборатория меңгерушісі, институт директорының орынбасары қызметтерін атқарды.

1974 жылы қазіргі академик Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық политехникалық университетінде ауыр түсті металдар кафедрасының меңгерушісі болған. Оның 300-ден астам ғылыми еңбегі жарық көрген, 8 өнертабыстың авторы.

1958 жылы Бельгияда өткен Дүниежүзілік универсал көрмеге және 1963 жылы металлургия мен тау-кен мамандарының халықаралық конференциясына (ГДР) қатысты. Орталық Қазақстанда мыс кендерінен өндірілген кентастар мен концентраттарды балқыту процесін кешенді түрде жетілдіру ісін жүргізген.

Түсті металлургия саласындағы штейнді-кожды жүйелердің физика-химиялық қасиеттерін зерттеп, металл-шлак және штейн-кож газдық фаза жүйесіндегі металдардың таралу заңдылығын ашқан.

1968 жылы техника ғылымдарының докторы деген ғылыми дәрежеге ие болады, осы жылы профессор атағын алады.

1971 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі болып сайланады және Қазақ ССР еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағы берілген.

Ибраһим Әбілғазыұлының еңбектерінің көпшілігі түсті және сирек кездесетін металдарды жаңа технология тәсілдерімен қорыту мәселелеріне арналған. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған.

1994 жылы Алматы қаласында қайтыс болды. Өмірден озғанына 30 жылдай уақыт болса да, ғалым аға Ибраһим Оңаевты есте қалдыру шаралары жүргізілген жоқ. Туған жеріндегі мектепке, зерттеу жүргізген елдімекендерге, ашқан жаңалықтары қолданыста жүріп тұрған қалалардағы көшелердің біріне оның есімін беру мәселесі кезек күттірмеуі тиіс деп ойлаймын. Өйткені, өмірдің мәнін ғылымнан тауып, соңына мол мұра қалдырған ғалымның өнегелі өмірі мен шығармашылық жолын насихаттау жас буындағы білім-ғылымға, адал еңбекке жетелейтіні сөзсіз.

Ғалымның металлургия саласындағы еңбектері әлі өз бағасын алған жоқ. Республикалық Ғылыми Орталыққа бұл үлкен сын болмақ...

Жеңіс ШӘДЕТОВ

• ЖУРНАЛИСТ ОРАЛБЕК ЖҮНІСУЛЫ – 70 ЖАСТА

Журналистика жампозымен жүздесті

Жетпіс жастың желкенін керген қарымды қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі, «Ұлт мақтанышы» медалінің иегері, Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері Оралбек Жүнісулы оқырманмен жүздесті. С.Сейфуллин атындағы орталық қалалық кітапханасының ұйымдастыруымен және Балқаш қаласы әкімдігінің, қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен өткен шарада жиналғандар журналистика ардагерінің тұлғалық тұғыры мен кісілік, кішіпейілділік келбетін айтып, ағынан жарылды.

Нүрәлс КӘРІМ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Еркін сұхбат форматында өткен кездесуге журналистің жұбайы, жазушы-журналист Ақыл Әбілқайырқызы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, белгілі қаламгер Жанболат Башар, ҚР денсаулық сақтау үздігі, ақын Көбен Бекмағанбетов, «Северное Прибалхашье» газетінің бас редакторы Берекеш Шалова, «Балқаш

өңірі» газетінің бас редакторы, ақын Қуаныш Аманқұлов, ақын-сазгер Қуандық Сәденов, еңбек ардагерлері Тілеукадыр Мұқажанов, Өмірбек Ерменбет, Жұматай Бәжікеев, Құрметті металлург, ҚР Құрметті азаматы Қабдырахман Есембеков, тарихшы Дәулет Қожақов, қоғам белсендісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қаламгердің рухани пікірлесі Ғабит Жақыпов және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты.

Сұхбат барысында сұлу сөзді кен

• ТАНЫМ

«Абай ісінің» сыры

Ісі білмес кісі білер. Абай отарлау кезеңіндегі қазақ ішінде шыққан осы сөздің мәнісін: «Ісінің түзулігінен жетпесің, кісінің амалшы, айдалығынан жетерсің» деген сөз деп ұғындырады. Ғалым Абайдың анық сөзін ұға алмаған, ұнатпаған құрбыласы оған қастық қылмақты ойға алады.

Жаңы аяулы жақсыны жабылып жыға алмасын білген жетесіз жамандар жалған айтып, жан сатып, жалынды кісі жалдайды. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады деген жуандар Абайды жолсыз жазаға тартқызбақ мақсатында соғыс губернаторының өзіне қаржы құрығын тастайды.

Қазақ байларының өзінде жоқты малымен сатып алатын әдеті бойынша параға бөккен чиновниктерге арнайы тапсырыс беріп қас санаған адамының үстінен бас кетіп, айдаларлық уголовный іс көрсетіп, өтірік арыз түсіріп адал жанға зорлық қылатын.

Қазақ ішінде белең алған осы бір жаман әдеттің терең тамырының Қ.Сәтбаев 1928 жылдың мамырында жұбайы Т.Кошкинаға жазған хатынан табамыз. Қ.Сәтбаев хатында өзінің жалғыз ағасы Ғазиздың істі болып, қамауға алынғанын хабарлай отырып, істің туындауының себебін де ашық көрсетіпті: «Бұл іс – дала түпкірінің өзгешелігі және оның жеке қастарының пара беруімен қолдан жасалған».

Сәтбаевтың хатындағы тапсырыспен қастық қылуға пара беріп үкімет кісісін жалдайтын іс қазақ даласында 1822 жылғы «Сібір қазақтарын басқару туралы» жарлығымен енгізілген колониялық билік жүйесі тудырған қылмыс еді.

Метрополия басында округтер ашып билікке сұлтандарды тартқанмен, уақыт өте уездерді енгізіп, онда орыс чиновниктерін отырғызып, облыс-облысқа бөлгенде соғыс және азаматтық билікті соғыс губернаторларына тапсырып, бүкіл дала соғыс лагеріне айналды.

Ол туралы Абай «Жиырма бесінші» сөзінде айтады: «Балаларды оқытқанда жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер даруларға*, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек». Абай қолданған «Даруларға» – араб сөзі, мағынасы – «соғыс, қауіпті, бүлінген, соғыс майданы».

Абай ғұмырды өзгеден анығырақ сезе білді, сезгенін айта білді, ел жүрегіне жеткізе білді. Абай айтпаған сөз бар ма? «Халық билеген патшалар, уақыты келгенде құлайды. Дәл уақыты жеткенде талайдың гүлі қурайды» деп айтқан да Абай.

Абайдың осынау сөзі 1895 жылдың қарашасында ұлы Әбдірахманның өмірден өткенде оның жұбайы Мағышқа айтқан жұбатында бар еді. Надан тыңдаушы Семейдің құлағына ақын жұбатындағы сөздің оңин айналдырып саяси теріс мән-мағына теліп, жалған айтып, ұлықсыған чиновниктерге Абайдан құтқар бізді деп жалынған.

Абайдың өздеріне «жоба көрмей, жүгенсіз кетпесін» деп қатты сөзбен қайырып қамалағанын қаламаған көңілі кедей құрбыласы оның түзу сөзін тегіс ұқпай үкіметке есек тасып бақты.

Абайдың «Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей зақоны болмаса, зақонсыз қорлығына көнбес едік» деген шын сөзін саяси сын, үкіметке ашық қарсылық деп жеткізген.

Ұлық болып, елді жеп малданған, орыс ғылымын балаларына үйреткен жетесіз жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдуды қалап, Абай нұсқаған адал еңбек жолымен жүруге қалам баспайды.

Абай өмірден өткенде Шәкәрім жастарға «Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық» деп бекер айтпаған. Абай тап-

қан жол – әркімге өз ісін жетік меңгеруге мүмкіндік беретін, қазаққа ел қатарына қосылуға қажетті, коррупциядан түпкілікті құтылатын, ұтымды, тыныш, көпке пайдалы, зарары жоқ, бейбіт жол еді.

Абай тапқан жол – әркімнің адамдық құқығының нақты іске асуын қорғайтын, адамға қызмет қылатын азаматтық қоғамның заңы еді.

Заң, заңды бейнебір оларға ғана қас мүліктей тар танытын ұлықсыған орыстар Абайдың шынайы орны бар наразылыққа толы сөзінен қатты қорықты. Қазақ елінің бүкіл ресурсын заңсыз иемденіп кетіп, адамын қанап, жұртын қарумен басып, коррупциямен байыған үкіметке Абай нұсқаған жол ішкі төңкерістерден де,



Сурет ашық дереккөзінен

сыртқы интервенциядан да қауіпті еді.

Өйткені, Абай ұстанған жол империядағы әрбір кәсіп ісінен, байдан, чиновниктен, төреден, соттан, патшадан адал қызметті талап ететін.

Сондықтан да жастарға үлгі бермек жақсыны адал еңбек қыла алмай жүрген жамандар бәрі жабылып елден кетіру, жер аудару жолын ойға алды.

Жақсы бір іргелі іс идеясын естігеннен-ақ есі шығып елірген, ерегескен, елді жарған қаны бұзық коррупциялық топ ойға алған қасқана қылмыстарын жүзеге асырудың қапысын аңдып тұрды.

Андыған ұры-қары ақыл қоймайды. 1898 жылдың 18 маусымында арсыз, арам айланы алдын ала ойластырған, ұйымдасқан қылмыстық топ Мұқыр сайлауында Абайға тұтқиылдан тап беріп, соққыға жығады.

Абайдың қылмыскерлер жауапқа тартылсын деп берген талап-арызы бойынша жүргізілген тергеу ісін Семейдің соғыс губернаторы заңсыз қысқартып тастайды да, қылмыстық тапсырысты орындаушыларды заңды жазадан құтқарып алады.

Абайға құқыққа қарсы қаза келтірмекті қолға алған қылмыстық топтың әлеуметтік құрамы әртүрлі еді. Тапсырыс берушісі һәм ұйымдастырушысы қырдағы, ойдағы қазақ жуандары, оқығандары еді. Тікелей қылмыс әрекетін орындауға болыс, би, старшын, атқамінер, пысықтар тартылды. Аталған екі топтың өкілдері тергеуде Абайға жала жауып, сайлауда бас араздықтан төбелес ашқан өзі деп шыға келді. Бұл – алдын ала ойластырылып қойылған тәсіл-тін. Қылмыстық топтың басшылары тергеу кезінде өтірік, өсек, ғайбатты бекі-

тетін куәлерді де дайындап қойған еді.

Бұл қолбала, қуыршақ куәлерді тергеу сахнасына алып шыққан – облыстық басқарманың басшысы вице-губернатор. Қылмыстық оқиға өткен жерде ояңды қол астындағы аудармашы мен екі стражник те жалған сөзді растайды.

Тергеуші де биліктің айтқанынан шықпайды. Заңға сәйкес істің басы-қасында болған ояңдан жауап алу тиіс еді. Алайда, тергеуші ояңдан жауап алмақ түгілі, оны шақырмайды да. Тергеуші Абайды тонады деген айып тағылған бірнеше кісіге қатысты істі прокурорға тапсырады.

Прокурор іс жүргізу ережелерін өрескел бұзып, айыптау қорытындысын жасамай, істі облыстық басқармаға олардың пікірін білу және қорытынды жасау үшін жібереді. Облыстық басқарма одан да асыра сілтеп, болысқа қатысты істі 1899 жылдың 13 ақпанында қысқартып тастайды, вице-губернатор прокурорға: «қалған

дарына қатысты шешімді өзің қабылда» дейді. Прокурор басқарманың қаулысымен келіскенін көрсете отырып, айыптау қорытындысын жасамай, 1899 жылдың 24 сәуірінде сотқа істі қысқартуға жатады деп салмақты сотқа аудар салады.

Сот прокурор айтқандай 11 мамырда істі өз ұйғарымымен қысқартып тастайды. Істің қысқартылып тастағаны жайлы қағаз Абайға тек 1900 жылдың 4 қаңтарында қолына тиеді.

Семейдің облыстық сотының ұйғарымымен келіспеген Абайдың Санкт-Петербургдағы Сенатқа жолдаған апелляциялық шағымы 1988 жылы архивтен табылып, ғылыми айналымға енгізілген.

Архив дерегіне сай Сенат 1900 жылдың 11 желтоқсанында Абайдың шағымы бойынша ұйғарымды бұзып, 1901 жылдың 3 қаңтарында істі облысқа қайтарады.

Тергеуші губернаторға тәуелді болғаны шындық, негізінде қылмыс Абайға қасақана қаза келтіру үшін жасалған-ты. Абайдың басындағы бөркі, қолындағы сағаты қажет емес-тін. Қылмыскерге Абайдың өмірі керек еді.

Соны сезген азамат Уәйіс Соқин Абайдың үстіне жата қалып, көк дольның бойы мен сойылына өз арқасын тоспаса, қылмыстық топ оны өлтiретiн едi.

Сенаттан жеткен шешімді естіген жуандар кісісінген соғыс губернаторына «бастаған істі аяқта, амалын тап, Абайды жер аудар» деп тапсырыс береді. Жаңын жалдаған жандарал Абай бүлікшіл, бұзақы, саяси қауіпті адам деп танып қажетті құжаттарды дайындауға кіріседі.

Марат АЗБАНБАЕВ



қазғандай қазып, журналистиканың жілігін шағып, майын ішкен қаламгердің жас буында айтар өнегесі мен өнетісі аз болмады. Кездесудегі назар аударған сәттің бірі – Оралбек Жүнісулы жайындағы бейнежазба. Өмір жолында нені темірқа-

зық етті, қандай соқпақтарды басып өтті, ұстанымы қандай, мақсат-мұратына жетті ме? Жазушының жан сырларын осы сауалдардың жауабын таптық.

Қойылған сұрақтарға толымды жауап қайырылып, Оралбек ағаның тағдырының

нәзік те шетін тұстарына қанықтық. Қаламгермен кездесуге келген оқырмандар оның шығармаларымен танысып қана қоймай, өнегелі әңгімелерімен де бөлісті. Сонымен қатар, әріптестері, замандастары мерейтой иесінің иығына шапандарын жауып, сый-құрметтерін көрсетті. Атап айтқанда, Балқаш қаласы білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Дүбірбекованың және «Балқаш өңірі» газеті ұжымының редакторы Қуаныш Аманқұловтың атынан ескерткіш сыйлықтар табыс етілді.

Шараны Балқаш қаласының Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Балшырын Мухаметжанова құттықтау сөзімен қорытындылады. Қала өнерпаздары Диана Нарова мен Индира Балкеева, Шашубай кенті клубының әншісі Ерболат Әзімбеков әннен шашу шашты.

БАЛҚАШ

«Кітапханалық өлкетану – мүмкіндіктер аумағы»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытаудағы Ұлттық Құрылтайда, кейінгі кездесулерде де кітапханалар жұмысын жандандыру жөнінде ортаға ой тастады. Сондай-ақ, туризмді дамыту жайы да сөз болды. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының өкілдері осы мақсаттарды бір бағытта өрбітуді жөн көріпті.

Биыл аймақтағы алғашқы кітапхана жабдықталған (XIX ғасырдың соңы) Қарқаралы мекенінің іргетасы қаланғанына – 200 жыл. Әрине орыс жылнамасына тіркелуі 1824 жылы болғанымен тарихымыз тереңде жатқаны шындық. Оның үстіне, жақында сол жерде, Мәди жерленген Мәліксайдың тұсында «Мәди Бапшұлы» атындағы мешіт ашылған болатын. Сабакты ине сәтмен деп «Кітапханалық өлкетану – мүмкіндіктер аумағы» атты семинардың қонақтарын, яғни, облысымыздағы аудан, қала, кент, ауыл кітапханашыларының бір тобын қаланың кіреберісінде қарсы алдық, шашу шаштық.

Бұл шараның ұйымдастырушысы – Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы болса, қатысушылар – облыстық, қалалық және аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйелері.

Семинардың мақсаты – аймақта халыққа қызмет көрсетудің бірыңғай заманауи кітапханалық-библиографиялық жүйені қалыптастыруға ықпал ету және тиімді инновациялық кәсіби идеяларды тарату, кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыру.

Аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі орналасқан ғимараттың өзі

тарихи жәдігер. Ғимараттың алдында аудандағы кенттік, ауылдық кітапханалардың шағын көрмесі ұйымдастырылған.

Семинардың ашылу салтанаты «Аңыз» бишілер тобының «Шашу» биімен басталды. Арнайы келген салықалы топтың керуенбасы, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының мәдениет және өнер бөлімінің басшысы Қадыр Ашкеев рухани жиынның мән-мағынасын айта келіп, жерлестерімізді мерейтойымен құттықтап, сәт сапар тіледі.

Аудан әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев мырза да мәдениет пен әдебиеттің, тарихтың қаймағында қалқыған Қарқаралы жайында баяндап, алыстан келген қонақтарымызға алғысын білдірді. Бұдан кейін жерлес мәдениет майталмандарымен болған шағын көрініс көңілге шуақ сыйлады. Абай болып амандасқан азамат хәкімінің қара сөзін нәшіне келтіре жеткізді. Мәди бейнесінде келген манғаз жігіт «Үшқараның» үнімен төңіректі тербеді. Ал, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасын сомдап келген өрелі жігіт ұлт болып қалыптасуға не керектің бәрін тізбектеп берді. Қасым болып қасқайып шыққан шабытты азамат ақынның «Туған жер» өлеңін оқып, жүрек туратты. Осылайша, рух шырақшыларының



семинар шарасы басталды.

Кітапхананың жиын залында ел тарихынан мәліметтер тыңдалғаннан кейін, Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана басшысы Айнуір Сәкенқызы кездесуде қаралатын мәселелерді баяндап, кезіні білдірді.

Сөз алған Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жазира Қапышқызы өлкетану ісінде аудан ішіндегі шаруаларды алға тартты. Осының көрінісі, дәлелі ретінде ауданымыздағы рухани, тарихи, мәдени байланыстарды байқаған егде тартқан ер-азамат, ақсақалдарымыз Саят Оспа-

нов, Сәбит Тоғамбеков, Манарбек Кәрім ағаларымыздың «Қазақстан тарихындағы Қарқаралы архивы», «Кент баурайында 2» сияқты шежірелі жинақтардың тұсаукесері болып өтті. Ағаларымыз кітапхана ұжымдарына ризалықтарын айтып, мәлімет жинаудағы машақаттарды баяндап берді.

Бұдан кейін үш секцияға бөлінген семинар қонақтарымен тренинг-талқылауларға жалғасты. Облыстық кітапхананың кітапханалық менеджмент секторының басшысы Айгүл Айдынкызы тренинг-ойын өткізсе, кітапхана ісін автоматтандыру бөлімінің жүйе технигі Елена Андреевна

«Өлкетану-Digital» тақырыбында дәріс оқыды. Қарағайлы кентінің кітапханашысы Қымбат Кабдікәрімқызы «Ертеқаш» атымен қуыршақ үйірмесінің шеберлік сағатын өткізсе, Шет ауданының ОКЖ келген қызметкерлер Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» повесі желісінде театрландырылған көріністі ойнады. Мейлінше мағыналы өткен іс-шаралар мүмкіндіктер аумағын кеңейте түскендей. Қарқаралы аудандық ОКЖ басшысы Айнаш Түсіпжанқызы да таным әрекеттерін іске асыруға тырысқан әріптестеріне шығармашылық табыс тіледі.

Семинар соңында облыстың түпкір-түпкірінен келген жандарға Қарқаралыдағы «Құнанбай мешіті» мен жаңадан ашылған «Мәди мешітінің» сәулетін көрсетудің сәті туды. Маусымның ақ жауын сіркіретіп, «Үш үңгір» атты жәдігер сайдың маңындағы киіз үйде кешкі асын ішкен кітапханашылардың рухани азығы да аз болған жоқ.

Кітап – идеологияның бірден-бір құралы. Кезінде Жазушылар одағының өзі идеологияның басты қаруы болған. Мемлекеттегі ресми, мәдени, әдеби шаралардың дені ішінара кітапханаларда өтіп жатады. Ұлтыңның ұлылығын тану үшін әуелі туған өлкенің ұлағатына үділген жөн. Шынында да бұл мүмкіндіктер алаңы.

Руслан НУРБАЙ,
Қарқаралы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкері

• БОКС

Жеңіске жеткізген жеті медаль

Бокстан Астанада жастар арасында өткен Азия чемпионатына 26 елден 500 спортшы қатысты. Ел спортшылары 11 алтын медаль жеңіп алып, басты бәсекелестері Үндістан мен Оңтүстік Кореямен, Қытай мен Иранмен шап қаптырды. Қазақстан құрамы құрлық біріншілігінде медальдық есепте бірінші орын алса, төрт алтын, екі күміс және бір қола медаль жеңіп алған қарағандылық спортшылар зор үлес қосты. Ал, жерлестер командалық есепте басқа облыстар арасында бірінші орынға шықты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Н.Әбдіров атындағы спорт сарайында аталған Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған спортшыларды марапаттау салтанаты өтті. Жас боксшыларды құттықтап, ақшалай сертификаттар табыс етті.

Бұдан бөлек, сол жас сайыпқырандарды баптап, құрлықтық додаға алып барған жаттықтырушылар құрамы да назардан тыс қалмады. Өйткені, кез келген жарыста сапалы дайындық маңызды рөл атқарады және табыстың кілті.

Азия чемпионы атанғандардың бірі Алексей Хаванцев жастайынан бокспен айналысатынын айтады. Ол алғаш рет бокс залының табалдырығын небәрі жеті жаста аттаған. Бүгінде жас спортшы Ә.Молдағұлова атындағы спорт мектебінде оқиды. Спортшы жекпе-жектегі оңай болмағанын айтады және ол бұл жеңісімен тоқтап қалмақ емес.

– Мені боксқа әкем әкелді. Бұл чемпионатқа оқу-жаттығу жиындарында бір ай дайындалдық. Чем-

пионатта төрт жекпе-жек өткіздім. Қарсыластар өте мықты болды. Ең қиыны – Үндістан боксшысымен болған финалдық жекпе-жек. Бірақ оны да 5:0 есебімен айқын жеңдім. Алдағы жоспарларым – қараша айында өтетін Әлем чемпионатында, сондай-ақ, 2028 жылғы Олимпиада ойындарында топ жару, – деп бөліседі жеңімпаз.

Сонымен қатар, байрақты

бәсекеде Аяжан Ермек, Гүлнәр Тұрапбай және Жасмин Қызатова Азия чемпионы атанды. Күміс жүлдені Нұрпейіс Иманғали мен Анита Әдішева жеңіп алды. Ал, Расул Асанханов қола жүлдені қанағат тұтты.

Бокстан қыздар арасындағы Қарағанды облысының аға жаттықтырушысы Айжан Қожабекова ұлттық құрама қоржынына үш алтын, бір күміс әкелген ойыншыларының бұдан да үлкен жеңістерге қауқарлы екенін атап өтті.

– Өте жақсы өнер көрсеттік. Қуаныштан көзге жас алған сәттер де болды. Спортшылардың да көңіл-күйі тамаша. Бірақ, одан да жақсырақ өнер көрсету үшін тер төгіп жатырмыз. Шындығын-

да, олар бұдан да биік шыңдарды бағындыруға әлеуеті мен қабілеті жетеді. Қыздарымыз да талантты. Олар аптасына алты рет, күніне екі-үш рет жаттығу жасайды. Енді Қазақстан чемпионаты мен әлем чемпионатына дайындалып жатырмыз, – дейді бапкер.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы аталған жиында «Елорда кубогы» халықаралық турнирдің жеңімпазы атанған Талғат Сырымбетов пен Кәрім Серкебаевты да құттықтап, сәттілік тіледі.

Барлық жүлдегерлер Алғыс хатпен, облыстық бокс федерациясының және демеушілердің ақшалай сертификатымен марапатталды.



• СПАРТАКИАДА

Жабық әлемдегі жазғы бәсеке

Түзету мекемелері – жазаны өтеу орны ғана емес, сонымен қатар, адамды ізгілікке тәрбиелейтін өмір мектебі. Қарағанды және Ұлытау облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №31 түзету мекемесінде жазасын өтеушілер арасында «Жазғы спартакиада» өтті. Бұл спорттық шара жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спорт тек тәттің саулығына ғана ықпал етпейді. Спорт адам психологиясына да оң әсерін тигізеді. Мамандар осылай дейді. Аукымды спорттық шараның түзету мекемесінде өтуінің маңызы зор дейді ұйымдастырушылар.

Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімінде түзету мекемесінің бастығы Қуат Араонов қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Баршаныңды кезекті «Жазғы спартакиаданың» ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! «Тәні саудың – дені сау». Әр күні спортқа көңіл бөліп, адам өзінің рухын шындай алуы тиіс. Сонымен қатар, додаға қатысу арқылы өзара достық пен ынтымақты нығайту – басты міндет болып табылады. Баршаныңа тек сәттілік тілеймін! Шын мықты жеңістің биік тұғырынан көрінісін деп тілеймін! – деді Қуат Араонов.

Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсіміне арнайы келген құрметті қонақтар да болды. Бокстан Қазақстан Республикасының чемпионы, Халықаралық турнирлердің жеңімпазы, бокстан спорт шебері Азамат Әбілдінов, бокстан Халықаралық турнирлердің жүлдегері, Қарағанды облысының бірнеше дүркін чемпионы Абдулла Нұрғалиев, қоян-қолтық ұрыстан және жекпе-жекпен ел чемпионы, спорт шебері, ушу-сань-ладан спорт шеберлігіне үміткер Айбек Бейбетов пен қоян-қолтық ұрыстан спорт шебері, әскери самбодан, жекпе-жекпен спорт шебері Мұхит Кенесбай шара төрінде болды.

Спартакиаданы бастамақ бұрын жазасын өтеушілерге құрметті қонақтардың бағындырған белестері хақында баяндайтын деректі фильм көрсетілді. Сонымен қатар, сөз алып, өздерінің спорттық мансабы туралы айтып берді.

• ТАҒЫМ

Сабақтастық салтанаты

Облыстық полиция департаментінің жауынгерлік және еңбек даңқы мұражайы 43 жылдығын атап өтті. Мерекелік шараға полиция департаментінің бастықтары, ішкі істер органдарының ардагерлері, полиция қызметкерлері қатысты.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Барлықтарыңызды мұражайдың ашылғанына 43 жыл толуымен құттықтаймын. Мұражай

1976 жылдан ұйымдастырыла бастап, ресми түрде 1981 жылғы 3 шілдеде ашылды. Алғашқы директоры Ұлы Отан соғысының ардагері, отставкадағы милиция полковнигі Иван Васильев еді.

Сол кезде мұражай қорында небары 600 экспонат болса, қазір 3 мыңнан асады, – деді облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Дәурен Ібраев.

Ардагерлер атынан сөз алған полиция старшинасы, отставкадағы Николай Редченко бәріне денсаулық, ал, полиция қызметкерлеріне қызметте сәттілік тіледі.

Ардагер – табандылық пен батылдықтың үлгісі. Ерлігі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған.

Ол 1998 жылғы қарашада Киров полиция бөлімінің байланыс технигі, кіші сержант лауазымында бола отырып, серіктесі, жедел уәкіл Нұрлан Байғаскинмен бірге қарақшылық шабуыл жасаған аса қауіпті қарулы қылмыскерлерді ұстауға қатысқан. Нұрлан Байғаскин оқиға орнында қаза

болса, Николай Редченко жараланғанына қарамастан, қызметін жалғастырған.

Шара барысында облыстық бейнелеу өнері мұражайының директоры Бибігүл Құдабаева қарағандылық суретші Евгений Кимнің «Женіс жүздері» картинасының репродукциясын сыйға тартты. Онда Кеңес Одағының Батыры «Алтын Жұлдыз» медальдарымен және Даңқ ордендерімен марапатталған 44 қарағандылық бейнеленген.

– Музей қызметкерлерінің еңбегі өте ауыр. Экспонаттарды біртіндеп жинау, оны сақтау оңай шаруа емес. Ең бастысы, бұл мұражайда ардагерлер мен жас қызметкерлер арасын, өткенді, қазіргіні және болашақты байланыстырушы көзге көрінбейтін жіп бар, – деді Бибігүл Құдабаева.

Мұражайдың қазіргі директоры – Айжамал Айтжанова ескенін айту керек.



«НұраЭнергия» ЖШС 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап электр энергиясын тұрмыстық емес қажеттіліктерге пайдаланатын тұтынушылар үшін (ЖШС, АЖ, КХ және т.б.) электр энергиясының бағасы өзгеруі туралы хабарлайды.

№300

2004 жылы 8 сәуірде Қарғаш Нурлыбекованың атына жарлық бойынша берілген «Алтын алқа» №48978 наградасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

№252

Қарағанды облысы әкімінің аппараты персоналды басқарудың және адами ресурстарын дамытудың бірыңғай қызметінің бас инспекторы Жаңагуль Елубаевна Нурлыбаеваға орны толмас ауыр қаза апасы

Жаркынгуль Елубаевна ЖАНЫСБЕКОВАНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



Әлемдік додаға әзірлік ойдағыдай

Көшпелі ұлт екеніміз сақ заманынан тасқа жазылып тарихта таңбаланып қалды. Ұлттың ұлылығы да сол көшпелі халық екендігінде. Ал, «Көшпелі ұлт несімен ерекшеленеді?» деген сұраққа жауап біреу – салты мен сол ұлтқа тән ұлттық құндылықтарымен. Ұлттық құндылықты ұлықтаудан кенде емеспіз. Алайда, биылғы қыркүйек айына жоспарланған V Дүниежүзілік Көшпенділер ойынының маңызы бөлек, алар орны ерек. Мұны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та атап өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алаш елі Астанасындағы мереке маңызы

– Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу де еліміз үшін айтулы оқиға болмақ. Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәріптеу жағынан да, Ұлы далاداғы көшпенділер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызды екені сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Министр бұған қоса Көшпенділер ойындары өтетін нысандардың инфрақұрылымы мен дайындық барысына да тоқталды. Ол ұлттық спорт түрлері мен этникалық туризмге қызығушылық танытқан барлық саяхатшыға қауіпсіз әрі жайлы жағдай жасалатынын айта келе, көшпенділер ойындары кезінде Астанаға 100 мыңнан астам турист келетінін жеткізді. Конференцияға қатысқан шетелдік меймандар да Қазақстанда өтетін дүбірлі додаға барынша қолдау білдіріп, Көшпенділер ойындарының әлемдегі этномәдени және

4 млн.тенге иеленеді. Жорға жарыс пен құнан бәйгесінің жүйріктеріне 3 млн.тенгеден беріледі.

Арқадан барар арда топ


V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ат спорты түрлері, ұлттық күрес түрлері, садақ ату, дәстүрлі интеллектуалды ойындар, саятшылық өнер, садақ ату, жамбы ату, арқан тарту сынды ұлттық және халықтық ойындардың 20 түрінен жарыс өтеді. Бұған қоса ресми бағдарламадан тыс, ұлттық өнердің 10 түрін таныстыру мақсатында өтетін арнайы көрсетілім сайыстары белгіленген. «Қазанат» ипподромы мен оның маңында орналасатын «Көшпенділер әлемі» этноауылында ат жарыс, көкпар, саятшылық өнері мен садақ ату жарыстары жоспарланған. Осы орайда Қарағанды көкпар федерациясының басшысы Нұрлан Мерекеұлының пікіріне назар салсақ.

– Сәуір айынан бері алдағы V-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына іріктеу сайыстары өтіп жатыр. Әлем назарындағы дүбірлі дода біздің жерлеріміз дәстүрлі садақ ату, жамбы ату, көкпар мен аударыспақтан бақ сыйайды. Оған қоса, қазіргі таңда аймақтағы 23 команданың көкпардан алдына кара салмайтын қабілеті бар деуге негіз жоқ емес. Кейде команда саны 25-ке дейін жетеді. Бұл ел ішіндегі палуан жастардың көкпарға ден қойғанын айғақтаса керек. Тіпті, Шет, Қарқаралы секілді аудандардан ойын сайын 8-10 команданың жиналуы – бұған дәлел. Бұдан



бөлек қарағандылық көкпарсүйер қауыммен қатар елге де танылған көкпаршылар біршама. Олардың дені 2000-2003 жылғы палуандар. Атап айтсақ, Шет ауданының палуаны Темірлан Тілеубек, Ақжалдан Әнуар Жаңбырбаев, Мираc Тахауиов, Бұқар жырау ауданынан Мұхтархан Серғазиев, ақтоғайлық Айбар Мәни сынды білекті жігіттерді біз түгілі өзбек пен қырғыз, қала берді америкалық экстрималды спорт өкілдері де танып қалды. Денгейлері де өте жоғары. Ең бастысы, ойынға ынтысы зор. Әр ойынды көкпаршылардың жанарынан «жеңем» деген жасындай от байқаймыз. Сондықтан дүбірлі додаға сақадай саймыз деуге болады, – деп атап өтті ол.

Ал, Жаксылық Үшкөміров атындағы жекпе-жек сарайы мен «Алау» мұз айдынында ұлттық күрес түрлері мен халық ойындары, «Думан» қонақ үй кешенінде интеллектуалды ойындар сайысы ұйымдастырылды. Еліміз бойынша доданың бұл санаттарында бой көрсетем деген үміткерлер баршылық. Оның барлығын өтіп жатқан іріктеу чемпионаты анықтайды. Іріктеуге облысымыздан қатысатын спортшыларға тоқталсақ, тоғызқұмалақтан спорт шебері Аңсаған Қожанәсіп, жамбы атудан Талғат Омарбаев, дәстүрлі садақ атудан



Қарағандылық бүркітші Төлеген Махамбетчин және бүркіт «Найзағай»

Мая Казиева, аударыспақтан Азия чемпионы Нұрбек Аманжол, ақтоғай аудандары Ерболат Қаржаубай дайындық үстінде. Сонымен қатар, саятшылықтан сайысқа түсер жыртықш құстар бүгін томағасы сыпырылып топ бастауға дайын көрінеді. Қарағандылық бүркітшілер Темірәлі Төлегенов, Төлеген Махамбетчиндердің қырандары «Ақжелке» мен «Найзағай» бапталуда. Тағы да өзге жас саятшылардың сұңқарлары мен бүркіттері сайыс сапына іріктелуде. Тек ұлттық қана емес, біздің спортшылар өзге елдердің де спорт түрлерінен сайысқа түседі. Мысалға, қырғыздардың «алыш», өзбектердің «қураш», көріс елінің «ссырым» күрес түрлері бар. Осыларға қазақ балуандары жеке сабақ алып дайындалып жатыр. Спортшылардың барлығы іріктеу сай-

асырылды. «Қазанат» ипподромының аумағында «Көшпенділер әлемі» атауымен этноауыл құрылды. Этноауылда апта бойы Қазақстан мен әлем елдерінің үздік колөнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесі, шеберлік сабақтары өтеді. Қарағанды облысынан 6 зергер барлады. Олар – Илья Казак, Настасья Карамышева, Александр Жуков, Серіп Елубаев, Сергей Таскин және Александр Цейхмаштраук. Сонымен қатар, Наталья Вшивцева, Перизат Құлымбетова, Самат Қожабаев, Мәлік Жомарт және Евгений Шульц сынды 6 колөнерші де сайыс сапына тіркелді. Этноауылдағы мәдени бағдарламаның ажырамас бөлігі дәстүрлі ақындар айтысы болмақ. Байрақты бәсекеге ақындар айтысы сайысының жүлдесін сарапқа салмаққа сайланған қарағандылық айтыскер ақын – Мақсат Аханов. Сонымен қатар, төрткүл дүние көз тіккен сахнада қарағандылық дәстүрлі әншілер Төлеутай Баянды мен Дәуренбек Өрқенов, Сержан Мұсайын, Гүлмира Тапай, күйші Балқан Смағұлов және қобызшы Шахназе Ильясова өнер көрсетеді.

Этноауылда этникалық үлгіде сән көрсетілімі өтетін алаң болады. Этникалық сән фестивалі аясында Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің этнографиялық сән театры мен «Нұрасем» сән үйінің этнографиялық киімдерінің әртүрлі үлгілері ұсынылады. Этноауыл сахнасында үздік халық театрлары, С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі, Тәттімбет атындағы ұлт аспаптары академиялық оркестрі өнерін ортаға салады.

Бұдан басқа, этноауыл қатысушыларының бейнероликтерін дайындау, әлеуметтік желілер бойынша орналастыру және ілгерілету және баспа өнімдері (флайерлер, афишалар, бағдарламалар, бейдждер, баннерлер) көзделген. Ал, жоғарыда аталған этноауылдарға келер болсақ, олардың әрқайсы жеке маңызға ие. Мысалы «Көшпенділер әлемі» этноауылын ұйымдастыру және безендіру үшін ішкі әшекейлері бар бес көрме киіз үйі тігілуде. Оның біріншісінде көшпенділер тақырыбында Қарағанды облысы музейлерінің көрмесі өтеді. Екінші киіз үйде театрландыру арқылы қазақ халқының әдет-ғұрыптарын көрсету жоспарлануда, үшінші киіз үйде Қарағанды облысының жетістіктері мен туризм көрмесі ұйымдастырылады. Төртіншісінде облыс суретшілерінің үздік жұмыстарымен Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің көрмесі топталып, бесінші киіз үйде облыс колөнершілері мен зергерлерінің шеберлік сағаттарын өткізу жоспарда.

Этноауылда жоспарланған барлық шаралар әр елдің мәдени мұрасын, ұлттық құндылықтарын дәріптеудің бірден-бір жолы болса керек. Бұл сында Қазақстан халқының бай тарихы мен мәдениетін танытуға еш кедергі жоқ.



Ел Президентінің сөзінен аңғарғанымыз бұл жарыста тек жеңу мен жеңілу ғана емес салты ұқсас, тілі ұқсас, мәдениеті ортақ бауырлас елдердің арасындағы байланысты нығайту басым маңызға ие. Осындай жауапкершілігі мол міндетті абыроймен атқаруға Қазақстан толық дайын. Сол үшін де болар, Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілгені.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен, еліміз биыл Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізеді. Бұл – әлем жұртшылығына көшпенділердің даналығы мен дәстүрін, мәдениеті мен өнерін паш ететін халықаралық деңгейдегі айтулы мереке. Қазақ елі бұл жарысты өткізбекке ниеттенген алғашқы сәттерден-ақ, 73 мемлекеттен қатысуға өтініш келіп түсті. Демек, әлем елдерінің қызығушылығы әлі де артып, қатысушылар саны едәуір көбеюі бек мүмкін. Жарысты жоғары деңгейде өткізу үшін ұйымдастыру комитеті бар күшін салады, – деп атап өтті Туризм және спорт министрі, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары Ермек Маржықпаев.

этноспорт қозғалысының дамуына жаңаша серпін беретінін айтты.

Елімізде тұңғыш өткізілген Бүкіләлемдік V Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарының бағдарламасы 3 бағытты қамтиды. Олар спорт, мәдениет және ғылым. Көшпенділер ойындарына Астанаға халықаралық ұйымдар (қауымдас-тықтар, федерациялар, одақтар, клубтар) шақырылды. Қатысушы елдердің делегациялары тек спортшылардан ғана емес, сондай-ақ, мәдениет және ғылым өкілдерінен құрылады. Көшпенділердің дүниежүзілік ойындары – еліміздің әр өңірінің мәдени байлығы мен алуан түрлілігін көрсетуге мүмкіндік беретін ауқымды әлемдік оқиға. Бүгінгі таң сайысқа қатысуға 89 елден 2500 спортшы тіркелген. Олар 21 спорт түрі бойынша 110 медаль жиынтығын сарапқа салады. Жалпылама сыйақы көлемі 253 млн. теңгені құрайды. Командалық спорт түрлерінен топ жарғандар 10 млн. теңге алады. Сайыстың күміс жүлдегерлері 6 және 4 млн. теңге еншілемек. Ал, ат спорты түрлерінің сыйақысы салыстырмалы түрде жоғары. Мәселен, Аламан бәйгенің алдынан келгенге 5 млн. теңге тағайындалса, топ бөйге жеңімпазы



ысынан соң анықталады. Бүгінгі таңда облыстың 60 спортшысы іріктеу жарыстарына қатысуда. Еліміздің құрама командасы республика көлемінде өтетін іріктеу жарыстарының қорытындысы бойынша жасакталады.

Мәдениет мәресінен де үміттіміз

Ұлы даланы дүбірге бөлер көшпенділер ойындарының ашылу салтанаты «Астана-Арена» стадионында, жабылуы «Қазанат» ипподромында өтеді деп бекітілді. Бүгінгі таңда «Қазанат» ипподромында қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп жарысқа сақадай сайланды. Толық іске қосылып, техникалық жағынан жабдықталған ипподром 10 мың көрерменді қабылдауға қауқарлы. «Астана-Арена» мен «Алау» мұз айдыны» сарайында да жөндеу жұмыстары өтті.

Сондай-ақ, Көшпенділер ойындарының идеясын толық ашу үшін еліміздің барлық аймағында «Бірлік керуені» жобасы іске

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Қарқаралы, Нұра, Оскар: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтин, Абыай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 74 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**